



**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 3 шілде N 719

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қоғамдастығы  
Комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы меморандумды  
бекіту туралы

1-бап. 1999 жылғы 11 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропа Қоғамдастығы Комиссиясы арасындағы Қаржыландыру туралы меморандум (бұдан әрі - Меморандум) бекітілсін.

2-бап. Осы Заң Меморандумға қол қойылған күннен туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары  
Александр Павлов мырза

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі  
Астана

Құрметті Павлов мырза,

Өзіңізге белгілі, ағылшынның "Меморандум" сөзінің орыс тіліне "Соглашение" болып дұрыс аударылмауынан 1999 жылғы 11 қазандағы Қаржыландыру туралы меморандум Қазақстан Республикасының Парламентінде бекітілмеді.

Қалыптасқан жағдайды шешу үшін орыс тіліндегі шалалық түзетілген құжатқа қол қоюды ұсынамын, мұнда, мәтін бойынша кездесетін бүкіл тұсында "Соглашение" сөзі "Меморандум" сөзі болып түсінілетіні көрсетілетін болады.

1-қосымшада осы түзетілген құжат жобасын беріп отырмыз.

Сіздің тарапыңыздан келісуді күте отырып, Еуропа Комиссиясы атынан осы құжатқа қол қоюды ұйғардым.

Құрметпен,  
Алан Ваддамс  
Елші  
Өкілдік Басшысы

1-қосымша                      2002.03.04

көшірмесі: Бауыржан Аймақов мырза, Экономика және сауда вице-министрі,  
Тасис бағдарламасының Ұлттық үйлестірушісі  
Арман Дунаев мырза, Қаржы вице-министрі, Тасис бағдарламасы  
Ұлттық үйлестірушісінің орынбасары  
Питер Могенсен мырза, НКБ жәрдем жобасының басшысы

Түзету

1999 жылғы 11 қазандағы Қаржыландыру туралы меморандум мәтінінде "Соглашение" сөзі кездесетін барлық тұста, "Соглашение" сөзін "Меморандум" сөзімен ауыстыруды өтінемін.

Алан Ваддамс  
Елші  
Өкілдік Басшысы

Бауыржан Аймақов  
Экономика және сауда вице-министрі,  
Тасис бағдарламасының Ұлттық  
үйлестірушісі

1999 жылғы Тасис бағдарламасы  
Қаржыландыру шарттары бойынша келісім

Тараптар:

Еуропалық Бірлестіктің атынан (әрі қарай Бірлестік) әрекет ететін Еуропалық  
Бірлестіктер комиссиясы (әрі қарай Комиссия)  
б і р ж а ғ ы н а н ж ә н е  
Қазақстанның атынан әрекет ететін (әрі қарай Қазақстан) Қазақстан Үкіметі (әрі  
қ а р а й Ү к і м е т )  
е к і н ш і ж а ғ ы н а н .

Бұл тараптардың 1996-1999 жыл аралығында Қазақстанда техникалық көмек  
көрсету бойынша Бірлестіктің (ТАСИС) көрнекі бағдарламаларын орындауға берген  
к е л і с і м і н а з а р ғ а а л ы н а д ы .  
Осымен төмендегідей келісілді:

1 . М а з м ұ н ы м е н т а қ ы р ы б ы

Тараптар осыменен 1999-қаржы жылында Тасис бағдарламасының шеңберінде  
Бірлестік грант ретінде қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісімнің айнымас бір  
бөлігі болып табылатын - 1 Қосымшада берілетін Қазақстанға 1999 жылға Әрекет ету  
бағдарламасымен белгіленген техникалық көмек көрсету бойынша шаралар енгізуді  
қаржыландырады деп келіседі. Ыңғайлы болу үшін аталған бағдарлама былай деп  
б е л г і л е н г е н :

N KZ 9901 Атауы: Қазақстанға техникалық көмек көрсету

2 . О р ы н д а л у

Жоғарыда, яғни 1-бапта аталған шаралар қаржыландыру шарттары бойынша  
Келісімнің айнымас бір бөлігі болып табылатын 2-Қосымшада көрсетілген  
қаржыландыру шарттары бойынша Келісімге қолданылатын Негізгі қағидалар мен  
қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісімде белгіленген ережелерге сәйкес  
Бірлестіктің бюджеті есебінен орындалып, қаржыландырылуы керек. Қаржыландыру  
шарттары бойынша осы Келісімге, сонымен қатар 1999 жылы Қазақстанға арналған  
Әрекет ету бағдарламасына және қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісімге

қолданылатын Негізгі қағидаларға енгізілетін түзетулер жазбаша түрде болуы керек және аталған тараптар арасында хат алмасу жолымен келісіле алады.

### 3. Тараптардың міндеттемелері

Бірлестік 1999 жылғы әрекет ету Бағдарламасын орындау үшін Қазақстанға 16,650,000 Еуро- (он алты миллион алты жүз елу мың) бөлуге міндеттенеді.

### 4. Ұзақтылығы. Мерзімнің аяқталуы

Бұл Келісім қаржыландыру шарттары бойынша оған екі тарапта қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Қаржыландыру шарттары бойынша бұл Келісімнің аяқталу мерзімі - 31-желтоқсан 2002 жыл. Осы соңғы мерзім аяқталған соң KZ 9901 бағдарламасы бойынша қандай да бір қаржыландыру балансы аяқталады.

Қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісім мен KZ 9901 бағдарламасының ұзақтылығы Үкімет атынан жазбаша түрде негізделген сұраныс жіберген соң келісіле алады.

### 5. Мекен-жайлар

Қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісімге қатысы бар барлық және кез-келген мәлімет мына мекен-жайға жіберіледі:

Комиссия үшін:

Mr. F. Lamoureux

European Commission

Tacis Programme

CHAR 12/67

Rue de Loi 200

B-1049 Brussels

Belgiunt

Өкілдік үшін:

У.А. Жандосов мырза

Премьер-министрдің орынбасары

Чайковский к-сі, 144

1-қабат, 109-бөлме

480091 Алматы

Қазақстан

### 6. Көшірме саны

Қаржыландыру шарттары бойынша осы Келісімнің ағылшын тіліндегі екі нұсқасына, орыс тілдеріндегі екі нұсқасына қол қойылған, екі тіл де түпнұсқалық болып табылады.

Еуропалық Комиссия үшін және оның атынан

Аты-жөні: \_\_\_\_\_ мырза  
Қызметі: Комиссия мүшесі  
Күні:  
Жері:

Қазақстан Үкіметі үшін және оның атынан  
Аты-жөні: У.А. Жандосов  
Қызметі: Премьер министрдің орынбасары  
Күні:  
Жері:

Еуропа қоғамдастығы техникалық жәрдемдесу бағдарламасы

1999 Іс-қимыл бағдарламасының жобалары

Қазақстан Республикасы

ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫ - ҚАЗАҚСТАН  
1999

М Еуро

А. Кәсіпорындарды қолдау	8,8	
1. Құқықтық реформаны жүзеге асыруға жәрдемдесу		1,0
2. Өнеркәсіптік бәсекелеске жәрдемдесу	1,0	
3. Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттікті қолдау		1,0
4. КИМЭП-тің ұйымдық дамуына жәрдемдесу		2,3
5. Экология министрлігіне жәрдемдесу	1,0	
6. Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұйымдық жәрдемдесу		2,5
Б. Тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу және бөлу	2,0	
7. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау		2,0
С. Көлік және телекоммуникациялар	2,0	
8. Транзиттік дәліздер саясатын әзірлеу	2,0	
Д. Энергетика	2,0	
9. Қазақойл компаниясын қолдау		2,0
Е. Бистро	0,85	
Ф. Резервтер	1,00	
Жиыны	16,65	

Бұған қоса, Қазақстан (SPP&ATA) бағдарламаларына қатысудан өзіне пайда алады. Бұл жеке қаржылық ұсыныста баяндалатын болады. Тұтас алғанда

7.35 миллион Еуро мынадай салаларға бөлінді:

1. Темпус	2.0	
2. Стратегия тұжырымдауға консультативтік жәрдемдесу бағдарламасы	2.5*	
3. Кеден	0.5	
4. Статистика	1.5	
5. Лиен	0.3	
6. Менеджменттің тиімділігін арттыру бағдарламасы		0.3
7. Қалалардың бауырласуы		0.2
8. АТА тетігі	0.05	
Барлығы	7.35	

\* ("Қазақстанның экономикалық үрдістері" журналының жарияланымдарын қоса)

#### № 1 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы        Заңдарды реформалауға жәрдемдесу  
Сектор                Құрылымдық және ұйымдық реформа  
Жалпы бюджет        1 млн ЕУРО  
Жобаның ұзақтығы    24 ай  
Түпкі алушы         Әділет министрлігі

#### Жобаның негіздемесі

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан Үкіметі өзінің күш-жігерін нарықтық экономиканы орнатуға және инфляцияның деңгейін ауыздықтау, бюджеттің тапшылығын бақылау және ырықсыздандыру мен жекешелендіру процесіне бағытталған жүйелік реформаларды енгізу жолымен тұрақты макроэкономикалық шеңберлерді қамтамасыз етуге шоғырландырды. Бақылаудағы құрылымдық реформалар елеулі дәрежеде баға және сауда бақылауын жойды, шағын және орта кәсіпорындарды жекешелендіру аяқталды десе де болады, ұжымшарлар мен кеңшарлардың көпшілігі жекешелендірілді, және көптеген мұнай, газ және минералдық қорлар игеруге шетелдік инвесторларға берілді. Осынау оң өзгерістерге қарамастан, заң жүйесін реформалау экономикалық реформалау бағдарламасынан артта қалып қойды және нарықтық экономиканың талаптарына жауап бермейді. Әлсіз заң базасы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты тәуекелдің артуына жағдай тудырады және жеке капиталдың құйылуын тежейді.

Қазіргі қолданылып жүрген заңдар шеңберінің жеке меншікті және экономикалық құқықтарды қол сұғушылықтан тиімді қорғауға қатысты әлсіз жақтарын толық сезіне отырып, Үкімет халықаралық донорлардың жәрдемдесуімен Заңдарды реформалаудың

мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Дүниежүзілік Банк (ДДҚБ) 15 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі техникалық көмек займын бекіту сатысында, ол заңдарды реформалау жобасын жүзеге асыруға бағытталады. ТАСИС жобасы ДБ жобасын заң аясында ұйымдық дамытуды нығайту мақсатында толықтыру ниетінде. ТАСИС жобасына нақты мақсаттары, міндеттері мен ұйымдық бағалануы ДБ-мен және басқа да мүмкін донорлармен егжей-тегжейлі техникалық тапсырманы игеру сатысында тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

## М а қ с а т ы

Көзделіп отырған жобаның жалпы мақсаты - нарықтық экономиканың жұмыс істеуі мақсатында негізгі салаларда заң жүйесін, нормативтік база мен ұйымдық құрылымдарды нығайту.

## Негізгі компоненттері

Жоба өзінің назарын мынадай бір немесе одан көп компоненттерге шоғырландырады деп көзделініп отыр:

- Заң құжаттарын құрастыру. Бұл компонент үкіметтің халықаралық донорлардың жәрдемдесуімен және экономика саласына айрықша мән бере отырып заңдардың сапасын, қабілетсіздігін, ашықтығын және қабылдау процесінің қиыншылығын жақсартудағы күш-жігеріне құрылатын болады. Осы компонентпен ТАСИС мынадай бір немесе одан көп тармақ бойынша жәрдем көрсете алады: а) мемлекеттік қызметшілерді, атап айтқанда, экономикалық және нарықтық реформаларға қатысты заң актілерін әзірлеуге тартылғандарын оқыту б) заң құжаттарын жасауға тартылған органдарда құзыреттілікті және ұйымдық құрылымдарды жетілдіру және) заң құжаттарын жасау мәселелері бойынша техникалық консультация беру.

- Заң білімін беру және қоғамның заң мәселелеріндегі хабардарлығы.

Бұл компонент бүгінгі нарыққа бағдарланған бірыңғай, қазіргі заманғы заң білімінің жүйесін дамытуға жәрдемдеседі, оның міндеттері заң білімінің сапасын және оқытуды, қоғамның заң нормаларынан хабардарлығы мен түсінушілігін жақсарту болып табылады. ТАСИС жобасы осы компонентпен мынадай бір немесе одан көп тармақтар бойынша жәрдем көрсете алады: а) оқу бағдарламаларын, курстарды әзірлеу б) заң оқу орындарын бітіргені туралы құжаттар беру кезінде стандарттарды әзірлеу с) қоғамның заң нормалары мен заң процесі туралы хабардарлығын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарындағы науқан.

- Заң ақпаратына қол жеткізу. Бұл компоненттің мақсаты - тәжірибеден өтуші заңгерлер, жеке меншік сектордың кәсіпорындары мен мемлекеттік қызметшілердің және тұтастай алғанда қоғамның сенімді және түпкілікті заң ақпаратына уақытылы және кең түрде қол жеткізуін қамтамасыз ету. Осы компонент бойынша заң ақпараты жарлықтарды, үкіметтің қарарларын, министрлік пен ведомстволардың қаулыларын,

соттардың жекелеген шешімдерін қамтиды. Осы компонент бойынша ТАСИС жобасы мынадай бір немесе одан көп тармақ бойынша көмек көрсете алады: а) заң ақпаратын беру бойынша ұлттық стратегияны әзірлеу б) мұндай стратегияны жүзеге асыру бойынша бірыңғай жүйені әзірлеу в) заң ақпаратына қол жеткізудің электронды және электронды емес құралдарына қатысты жабдық пен қызмет көрсетуді қоса алғанда стратегиялық жоспардың бір бөлігін немесе бүкіл өзін жүзеге асыру г) заң ақпаратын сыныптау және кодификациялау.

- Заңдылықты нығайту. Бұл компоненттің мақсаты - соттардың тәуелсіздігін нығайту және жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру болып табылады. Осы компонент бойынша ТАСИС жобасы мынадай бір немесе одан көп тармақтар бойынша мынадай көмек көрсете алады: а) сот атқарушыларын және

судьяларды экономикалық реформалау саласында заңдарды қолдануға оқыту б) даулар туындаған кезінде баламалы шешімдер қабылдау тетіктерін белгілеу үшін тиісті заң және нормативтік шеңберлерді әзірлеу с) судьяларды оқыту және қайта оқыту процесі арқылы баламалы шешімдерді қабылдаудың тетіктерін жүзеге асыру.

Жалпы индикативтік бюджет: 1 млн. ЕУРО

## № 2 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Өнеркәсіптік бәсекелестік қабілетті қолдау  
Сектор: Құрылымдық және институционалдық реформа  
Жобаның құны: 1 МЕВРО  
Жобаның ұзақтығы: 24 ай  
Түпкі алушы: Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

Алғы тарихы және негіздемесі:

Қазақстан Үкіметі 1998 жылғы ақпанда бекіткен және қазіргі сәтте Еуропа Парламенті мен мүше-мемлекеттердің бекіту процесіндегі Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім (ӘЫК) ЕҚ мен Қазақстан арасындағы саяси және экономикалық өзара қарым-қатынастарға негіздер жасауға бағытталған. Атап айтқанда, өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы ереже (45-бап) қоғамдастықтың Қазақстанның өзінің өнеркәсібін ЕҚ-де қолданып жүрген бәсекелестік қағидаларына қайшы келмейтіндей қолдау дәрежесінде қайта құрылымдау мен дамытудағы күш-жігеріне көмек беруге бағытталған.



Қазақстан Үкіметінің ашық нарықтық экономикада экономикалық өрлеуіндегі алға жылжу міндеттемелері "Қазақстан - 2030" дамуының ұзақ мерзімді стратегиясында басымдықпен айқындалған. Инфляцияның қабылданымды деңгейіне қол жеткізген соң Үкіметтің стратегиясы елдің ЖІӨ-нің 20.7% және жұмыс күшінің 22,2% құрайтын өңдеу өнеркәсібіндегі реформалар жолымен экономикалық өсу жағына қарай өзгере б а с т а д ы .

Тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген сыртқы сауда үшін ілгерімелі ырықсыздандыру экономиканың ашық саясатында Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібінде ішкі рынокта да, сондай-ақ ТМД рыноктарында да бәсекелестік қабілетінің дамуында кемшіліктер көрінді. Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіпке теріс әсер ететін құрылымдық кемшіліктер мыналар болып табылады:

- Өнімдердің төмен сапасы және лайықсыз өнімдік құрам
- Дайын өнім мен жартылай фабрикаттарға сұраныстың төмендігі
  - Менеджмент пен маркетингтегі жеткіліксіз біліктілік
  - Экспортқа шартты және шартсыз кедергілердің болуы
- Өңдеуші өнеркәсіптегі жеткіліксіз инвестициялау мен технологиялардың артта қалуының нәтижесінде пайда болған өндірістік секторды тікелей инвестициялауға байланысты тәуекел дәрежесінің жоғарылығы.

Осы жағдайға байланысты Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өнеркәсіп саясатын дамыту жөнінде директива шығарды (1998-2003). Бұл директиваларды принципінде Үкімет пен Парламент қабылдады. Алайда әзірленген директивалардың іргелі қағидалары егер Қазақстан бүкіл әлемде танылған бәсекелестік пен сауда практикасының деңгейіне қол жеткізгісі келсе, қайта қаралуы тиіс.

#### Негізгі мақсаттары:

- Кәсіпорындарға ішкі де, сондай-ақ халықаралық рыноктарда да бүкіл әлемде танылған әділ практикамен дамуға және бәсекелестік етуге мүмкіншілік беру.
- Өңдеуші өнеркәсіптің барлық топтары үшін құқықтық база мен макроэкономикалық құрылымды құруға бағытталған тиісті саясат жүргізу жолымен өндірістік сектордағы кәсіпорындардың дамуын қолдау.
- Өңдеуші өнеркәсіпте білікті кәсібилердің дамуын қолдау

#### Негізгі компоненттері:

Жоба бір-бірімен өзара байланысты мынадай үш компоненттерден тұратын болады:

- Бірінші компонент өңдеуші өнеркәсіптегі іріктеп алынған

кәсіпорындарға қайта құрылымдау жоспарларын жасау мен іске асыруға көмек беруді көздейді.

- Екінші компонент кәсібилерді оқытудың трейнингі және турлары арқылы маркетинг, экспортты алға жылжыту, қаржы бақылауы секілді тар тақырыптар бойынша оқытуда қолдау көрсетілетін болады.

- Үшінші компонент Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне өңдеу өнеркәсібі саласында ашық нарықтық экономика қағидаларына сай келетін тиісті саясатты дамытуға және жүргізуге көмек беруді көздейді.

Жалпы индикативтік бюджет: 1 МЕВРО

№ 3 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Қазақстан Республикасының макроэкономикалық талдау және болжамдау жөніндегі Экономика министрлігінің институционалдық қабілеттерін күшейту

Сектор: Құрылымдық және институционалдық реформа

Жобаның құны: 1 миллион еуро

Жобаның ұзақтығы: 24 ай

Жобаның тапсырысшысы: Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі

Жалпы кіріспесі және жобаның қажеттілігінің түсіндірмесі

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 қазандағы № 235 Жарлығына сәйкес құрылған болатын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының, облыстар мен Алматы және Астана қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуді ұйымдастыру саласында мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген орталық атқарушы орган болып табылады. Министрлік экономикалық саясатты айқындайды, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау мен болжамдауды, индикативтік жоспарлар мен жалпы экономикалық сипаттағы басқа да құжаттарды дайындау мен іске асыруды қамтамасыз етеді.

Экономика министрлігі әлемдік тауар рыноктарындағы конъюнктураны есепке ала отырып экономикалық даму сценарийін әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің міндеттеріне мыналар кіреді:

- қысқа және орта мерзімді кезеңге арналған Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын дайындау;

- барлық деңгейлердегі бюджеттерді қалыптастыру үшін негіз болып табылатын қысқа, орта мерзімді кезеңдерге арналған макроэкономикалық көрсеткіштері әзірлеу;

- аймақтық саясатты әзірлеу және іске асырылуын бақылау;
  - Үкіметтің іс-қимыл жоспарын әзірлеу, үйлестіру және іске асырылуын бақылау;
  - мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды дайындау.
- Экономика министрі Үкімет мүшесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі қызметінің негізгі түрлеріне ақпаратты жинау, экономикалық талдау мен болжау, сондай-ақ олардың негізінде экономикалық саясаттан негізгі бағыттарын айқындау жатады. Министрліктің ағымдағы қызметі ақпараттық базаның толық еместігін, методологиялық тәсілдердің ескіргендігін, қажетті функцияларды жүзеге асыру үшін технологиялар мен жабдықтардың жетіспеушілігін қоса алғанда бірнеше факторлармен шектелінген.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі берген деректерді пайдаланады. Бұдан басқа Экономика министрлігі өзінің міндеттерін тиімді және уақытылы орындау үшін отандық та, сондай-ақ шетелдік те қажетті түрлі көздерден жиналған қажетті а қ п а р а т т ы п а й д а л а н а д ы .

Бұдан басқа біліктілікті арттыруда да, сондай-ақ Экономика министрлігінің макроэкономикалық модельдеу және болжамдау техникасы бойынша штатының тәжірибесінде де проблемалар бар. Сондай-ақ деректерді тиімді жинаудың, талдау мен өңдеудің басты шектеулерінің бірі жүйеде ақпараттық технологиялар мен қазіргі заманғы компьютерлік жабдықтың жетіспеушілігі болып табылады.

Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Жобаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің мамандарын нарықтық экономиканың тиісті ерекшеліктеріне мемлекеттік бюджетті әзірлеуге арналған әлеуметтік-экономикалық саясат пен өлшемдердің іс-шараларын әзірлеу, талдау мен болжаудың қазіргі заманғы құралдарымен қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы .

Жобаның мақсаттарын негізге ала отырып, сондай-ақ оның "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің (Агенттік) институционалдық мүмкіншіліктерін күшейту" EDKZ-9602 жобасының жалғасы болып табылатындығын ескере отырып мынадай міндеттерді шешу к ө з д е л і н е д і :

- СЖРА-да, Экономика министрлігінде жасалған экономикалық-математикалық модельдердің тиімді "жерсінуін" қамтамасыз ету;

- Экономика министрлігінде тоқсандар, жыл бойынша және 5 жылға дейінгі кезеңге арналған дамудың аса маңызды көрсеткіштерін болжамдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қаржы және бюджеттік бағдарламалау құру мақсатында экономикалық-математикалық модельдердің жүйесін одан әрі дамыту және жақсарту;

- қазіргі бар және жаңадан құрылатын модельдердің базасында сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып әлеуметтік-экономикалық жүйенің жұмыс істеуін жолға

қоятын сапалық жаңа құралды әзірлеу;

- Экономика министрлігінің мамандарын эконометрикалық талдау, экономикалық-математикалық модельдеу және болжамдау техникасына оқыту;

- халықаралық стандарттарға сәйкес микроэкономикалық және макроэкономикалық модельдер құру үшін қажет дәлдіктің жоғары дәрежесіндегі экономикалық деректермен ұдайы және кідіріссіз қамтамасыз ету.

#### Жобаны негізгі құрайтындар

Семинарлар мен практикалық көмек жүргізу арқылы Қазақстандағы экономикалық модельдеу мен талдаудың қазіргі бар мүмкіншіліктерін одан әрі кеңейту.

Экономикалық саясатты тиімді экономикалық модельдеу мен талдау үшін қажет экономикалық деректерді берудің қабілетін әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық модельдердің нәтижелерін интерпретациялаудағы және практикалық қолданудағы операциялық мүмкіншіліктерін ұ л ғ а й т у .

Экономика министрлігінің кемінде 8-10 маманын жетекші еуропалық экономикалық институттар мен ведомстволарда оқыту және тағлымдамадан өткізу.

#### Күтілетін нәтижелері

Ресми статистика реформасы жобасымен ынтымақтастықта экономикалық модельдер үшін қажетті дәл, толық және дер уақытындағы деректерді құру.

Қазақстан Үкіметінің экономикалық шешімдер қабылдау үшін қажетті экономикалық модельдерді құрудағы қабілетін одан әрі дамыту.

Қазақстан Үкіметінің экономикалық модельдер мен талдау нәтижелерін интерпретациялау және практикалық қолдану қабілетін арттыру.

Экономика министрлігінің ұйымдық, технологиялық және коммуникациялық құрылымдарын жақсарту, бұл оның басқа министрліктермен және ведомстволармен экономикалық саясатты талқылауында тиімді әріптес болуына мүмкіндік береді.

Жобаның жұмыс процесінде әзірленген экономикалық-математикалық модельдерді "жерсіндіру" және жүргізу жөніндегі оқытылған және даярланған персонал.

Жалпы индикативтік бюджет: 1.0 МЕВРО

№ 4 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: КИМЭП-тегі (Қазақстан Менеджмент және экономикалық болжамдау жөніндегі институты) әкімшілік бизнес

## магистрінің (ӘБМ) бағдарламасы

Сектор: Құрылымдық және институционалдық реформа

Жобаның құны: 2.3 МЕВРО

Жобаның ұзақтығы: 24 ай

Түпкі алушы: КИМЭП

Алғы тарихы және негіздемесі:

КИМЭП Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 14 қаңтардағы Жарлығымен құрылды. Оның мақсаты бизнес және қазіргі заманғы менеджментке оқыту және халықаралық білім беру жолымен Қазақстанның Үкіметтік лидерлерін дайындау, нарықтық экономика принциптерін ұстана отырып экономикалық өсуге септігін тигізетін кадрларды даярлау, сондай-ақ Қазақстанның әлемдік нарықтық экономикадағы бәсекелестік мүмкіншіліктерін ілгерілемелі экстраполяциялау болып т а б ы л а д ы .

1993 жылдан бастап Тасис КИМЭП-ке, атап айтқанда, оның ӘБМ бағдарламасына үздіксіз қолдау көрсетіп келеді. Оның жұмыс істеген жылдары ішінде студенттер саны тағы да екі бағдарламаны, Британдық Ноу-Хоу Қорының қолдауымен мемлекеттік басқару магистрі бағдарламасын және ЮСАИД қаржыландыратын экономика магистрі бағдарламасын құру есебінен өсті. КИМЭП ұйымын донорлық қолдауға КИМЭП-тің қазіргі мәртебесі орасан зор үлес қосты, өйткені қазір бұл институт Орталық Азиядағы бизнес мектептің "флагманы" ретінде қаралады. (Тасистің 1997 жылдағы жыл сайынғы е с е б і ) .

Қазіргі сәтте, негізгі үш бағдарлама шетелдік қаржыландыруға тәуелді болды және солай қалып отыр, КИМЭП-тің алдында өзін-өзі қаржыландыруға қол жеткізудің күрделі міндеті тұр. Оған қол жеткізу үшін екі ұдай тактика қолданыла бастады: шетелдік факультетті бірте-бірте оған баламды жергілікті факультетпен ауыстыру және ұйымның шығындарына теңгерім жасауға жететін пайда алу. Тасис жергілікті факультеттің дамуына жәрдем жасады, бұл әсіресе соңғы жылдары ілгеріледі. ӘБМ-нің жергілікті факультеті шетелдік сарапшыларды бірте-бірте жергілікті оқытушыларға ауыстырады, дегенмен олар әлі зерттеу мен оқу методологиясының қазіргі заманғы дағдыларын толық алып болған жоқ (Еуропалық сарапшылар қазіргі кезде жергілікті факультетті дамытумен айналысып жатыр).

Шетелдік факультетті жергіліктісімен ауыстыруды аяқтау үшін трейнингке одан әрі инвестиция жасау және жергілікті факультетті оқыту қажет. КИМЭП-тегі ӘБМ бағдарламасы мақсатының Еуропа бизнес мектептеріндегі және университеттеріндегі бұрынғы бітіру бағдарламаларымен (аспирантуралармен) салыстыруға болатын сапаның деңгейіне қол жеткізу және оны сақтау болып табылатындығын ескеретін болсақ, ӘБМ-нің мұндай факультетін дамыту мен сақтау жобаның басты міндеті болып

т а б ы л а д ы .

Тасистің қосымша ресурстары КИМЭП-ке ӘБМ бағдарламасының ұзақ мерзімді өміршең қабілеті мен өзін-өзі қаржыландыруына қол жеткізе отырып жергілікті факультетті және ӘБМ әкімшілігін нығайтуға мүмкіндік береді. КИМЭП акцияларын ұстаушыларының арасында жобаны жүзеге асырудың соңында, 2002 жылдың жазында өзін-өзі қаржыландыруға қол жеткізілуге тиіс екендігі туралы пәтуаға қол жеткізілді.

Мұның үстіне Тасистің көмегі КИМЭП ӘБМ-нің Еуропа Бизнес Мектептері мен Университеттерінің желісіне тартылуына, бағдарламаға жалпы осылайша кепілдік беруге оның Орталық Азиядағы Бизнес Мектептерінің "флагманы" ретіндегі атын а қ т а у ы н а м ү м к і н д і к б е р е д і .

Ж о б а н ы ң м а қ с а т ы :

КИМЭП ӘБМ бағдарламасының жалпы мақсаты менеджмент бизнесінде нарықтық экономиканың одан әрі дамуына тиімді ықпал ету үшін Қазақстан қоғамында негізгі позицияларға ие болуы тиіс жоғары білімді кәсібилерді дайындап шығару болып т а б ы л а д ы .

Нақты мақсаттары мыналар болып табылады:

Қазақстан контексінде сапаның Еуропалық баламдылығына кепілдік бере

отырып КИМЭП-тегі ӘБМ Тасис әзірлеген бағдарламасының өздігінен жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Жергілікті қызметкерлердің КИМЭП-те де, сондай-ақ шет елдерде де менторлық жүйені, топтық оқытуды, Доктурантураны (PhD) пайдалануға даярлау.

ӘБМ курстарының сапасын арттыру, ӘБМ студенттері білімдері мен дәл ғылымдар саласындағы ғылыми қызмет пен зерттеулердің жоғары деңгейіне қол жеткізу.

ӘБМ бағдарламасын Қазақстан контексінде Қазақстан бойынша зерделеу мен зерттеулердің үлгілерін енгізу жолымен әзірлеу.

Негізгі компоненттері:

- ӘБМ бағдарламасын және оқу жоспарын үздіксіз дамыту.
- Халықаралық байланыстарды үздіксіз күшейту
- Студенттердің сапасын арттыру
- Жергілікті факультетті одан әрі дамыту және күшейту
- Зерттеу қызметін ынталандыру
- ӘБМ бағдарламасын аккредитациялау үшін сәйкестікке келтіру
- Әкімшілікті күшейтуге көмек
- Кірісті қызметке көмек
- ӘБМ бағдарламасы үшін бенефициарлық, мысалы Бакалавр Б.А., жаңа бағдарламаларын дамытуға көмек

Жалпы индикативтік бюджет: 2.3 МЕВРО

№ 5 жобасының сипаттамасы

Жобаның атауы: Экология министрлігіне қолдау көрсету (ауаның ластануы)

Сектор: Құрылымдық және институционалдық реформалар

Жобаның құны: 1 млн ЕУРО

Жобаның ұзақтығы: 24 ай

Түпкі алушы: Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Жобаның негіздемесі:

Жоба өзінің назарын қалалардағы ауаның ластану проблемаларына шоғырландырады. Өйткені бұл проблема Экология және табиғи ресурстар министрлігі әзірлеген және ЕҚ Тасис, Дүниежүзілік Банк, Австралия мен Италияны қоса алғанда, донорлардың көп тарапты және екі тарапты қолдауымен аяқталған Үкіметтің Қоршаған ортаның проблемалары жөніндегі ұлттық бағдарламасы бойынша (ҚОҰБ) іс-қимылына сәйкес басымдылықтардың бірі болып есептеледі.

Автомобиль санының тез өсуі және оларды пайдалану Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі нарықтық экономикаға көшу процесіндегі мейлінше айқын көріністердің бірі. Алайда бүгінгі күнге дейін жол көлігінің ұдайы өсуі пайдаланылған газдың атмосфераға зиянды тастауларынан тұрғындардың денсаулығын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тиісті мемлекеттік шаралар ілестіріле жүргізілмеді.

Қалаларда жол көлігінің саны мен ауаның қарқынды ластануының арасында тікелей арақатынастың бар екені дәлелденген. Алматы және Шымкент секілді үлкен қалаларда ауаның 70-90% автомобильдер ластайды. Елде Алматы қаласының әуе бассейні мейлінше ластанған. Соңғы жылдары Алматы қаласының ластану көрсеткіші 55% жақын. Ауаның ластануы тұрғындардың денсаулығына ұзақ кезеңге тікелей қауіп туғызады, созылмалы респираторлық аурулардың, қатерлі ісік ауруларының өсуіне, туудың азаюына және жастай өлудің ұлғаюына алып барады. Статистика Алматы қаласының елде респираторлық аурулардың саны бойынша бірінші орын және онкологиялық аурулардың саны бойынша екінші орын алатындығын көрсетіп отыр. Автокөліктің пайдаланылған газдарды тастауларының жоғары деңгейі, сондай-ақ қалаларға іргелес жатқан аумақтардың қоршаған ортасына да теріс әсерін тигізеді. Қазақ гидрометеорология институты ұсынған деректерге сәйкес атмосфераға тасталынатын көмірқышқыл газының қазіргі деңгейі кезінде Қазақстанда мұздықтардың саны 2020 жылға қарай 1/3-ге кемиді және 2050 жылға қарай толық еріп кетуі мүмкін. Осыған орай оңтүстік-батыс Қазақстанда қалаларға іргелес қатқан жүздеген шақырым аумақтар шөлейттену мен құрғақшылыққа душар болады.

Климаттық жылыну, сондай-ақ лас ағындардың ұлғаюына әкеледі.

Қазақстан Үкіметі "Көміртегі бастамашылығы" бағдарламасын бекітіп, жылу газдарының тастауларын қысқартуға міндеттеме алды. Бұл үкіметтік жоба атмосфераға жылу газдарының тастауларының бірыңғай ұлттық стратегиясын дамытуды және әрбір елде атмосфераға жылу тастауларын қысқартуға арналған квоталарды бөлу жөніндегі - шеңберді қамтамасыз етін

Киото Хаттамасын бекітуді және дайындауды мақсат етіп қояды.

Атмосфераға жылу газдарының тастауларын қысқарту бойынша ұлттық стратегияны әзірлеу кезінде соңғы жылдары екі есе дерлік өскен автомобильдер паркінің қоршаған ортаға әсерін назарға алу қажет. Осыған орай экологиялық проблемаларды қарауды ұлттық көлік саясатына енгізу қажет.

Негізгі мақсаттары:

Бәрін қамтитын мақсаттар:

- Экологиялық қауіпсіздікті нығайту
- Тұрғындардың денсаулығын нығайту

Өзіндік мақсаттары:

- Ауаны автокөліктің ластауын қысқарту
- Қалаларда тұрғындардың денсаулығына автокөліктің улы тастауларынан болатын жағымсыз әсерді азайту

Міндеттері:

- Автокөлік құралдарының атмосфераға пайдаланылған газдарынан тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған орта жағымсыз әсерін көрсететін ақпаратты зерттеу және ж и н а у

- Автомобиль паркінің, бензиннің сапасын жақсарту, қалаларда автокөлік құралдарын басқару, тұрғындардың қоршаған ортаның проблемалары туралы хабардарлығын арттыру мақсатында қоршаған ортаның проблемалары жөнінде ұлттық көлік стратегиясын әзірлеу және т.б.

- Экология министрлігін, Көлік министрлігін, Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі агенттікті, Қоршаған ортаны қорғаудың бағдарламасын тұрақты дамыту орталығын, жергілікті өкіметті қоса алғанда республикалық семинарларда барлық делдалдарға стратегияны ұсыну.

- Алматы қаласында пилоттық жобаны жүзеге асыру, ол назарын мынадай бір немесе бірнеше міндеттерге аударады:

- Экологиялық қауіпсіздік нормалары мен ережелерін әзірлеу (мысалы, пайдаланылған газдардағы зиянды заттардың шоғыры туралы, автомобильдерге



техникалық қызмет көрсету жөніндегі талаптар).

- Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету жөніндегі мамандандырылған орталықтар, бензиннің сапасына бақылау жасау жөніндегі мамандандырылған лабораториялар экологиялық қауіпсіздік жөніндегі жол полициясының қалалық басқармасын қоса алғанда, бақылаушы ұйымдар үшін және тұрғындардың хабардарлығы мен білімдік деңгейін арттыру үшін оқытушыларды даярлау.

- Бензиннің сапасын бақылау жөніндегі лабораторияларды, ауаның

ластануын бақылау жөніндегі станцияларды және көлік құралдарын техникалық тексеру жөніндегі станцияларды жарақтау.

- Көлік құралдарының қаланың мейлінше ластанған аудандарында жолға шығуын бақылау жөнінде ұсынымдар беру.

- Экологиялық қауіпсіз қоғамдық көлікті дайындау жөнінде ұсынымдар беру мысалы, электрмен жүргізілетін қоғамдық көлік.

- Радио мен теледидарда арнаулы экологиялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы қоғамдық хабардарлықты өсіру.

Көзделінетін нәтижелері:

- Жол көлігі экологиялық қауіпсіздігінің бірыңғай стратегиясы әзірленеді

- Автомобиль паркінің тиімділігі жолға қойылады

- Қалалық қоғамдық көлікті басқару жолға қойылады

- Қалалық көліктің айналысын басқару жолға қойылады

- Экологиялық стратегияны әзірлеушілердің, жергілікті өкімет органдары мен көлікті пайдаланушылардың арасында экологиялық хабардарлық артады

- Көлік құралдарының экологиялық қауіпсіздігі жөнінде тиісті заңдар әзірленеді

Жалпы индикативтік бюджет: 1 млн ЕУРО

№ 6 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Қазақстанда салық-әкімшілік органдарын қайта ұйымдастыруға және реформалауға жәрдемдесу

Сектор: Құрылымдық және ұйымдық реформа

Жалпы бюджеті: 2.5 млн ЕУРО

Жобаның ұзақтығы: 36 ай

Түпкі алушы: Мемлекеттік кіріс министрлігі

Жобаның негіздемесі

ТМД елдеріндегі өтпелі кезеңнің негізгі белгісі - мемлекеттік бюджетке қатаң және ұзақ уақыт бойы қысым жасау бұл қаржылық орнықсыздықтың ұлғаюына алып барады. Бұл белгі, сондай-ақ экономиканың мөлшеріне қатысты бюджеттің үлкен тапшылығы бар Қазақстанға да тән. Сондықтан мұндай жағдайда кірістерді жинау Үкіметтің өткір алаңдаушылығын туғызады. Шынында да салықты жинаудан түсетін кірістердің үлесі жалпы ішкі өнімнің бар болғаны 12 % құрайды, ал бұл ЕҚ елдерінде ЖІӨ-нің 40%, орталық және Шығыс Еуропа елдерінде 63%, ал Латын Америкасы елдерінде 23%. Салықты жинаудан түсетін кірістерді өсіру бюджеттің тапшылығын бақылаудың себебі бойынша ғана емес, сондай-ақ зейнеткерлер мен мемлекеттік кәсіпорындардың жұмысшылары алдындағы міндеттемелерді орындау, медицина және білім беру мекемелерін қолдау, бұзылған инфрақұрылымдарды қалпына келтіруге қаражатты инвестициялау үшін де маңызды. Кірістердің жиналуынсыз мемлекеттік және әлеуметтік мекемелердің жүйесі жұмыс істей алмайды.

Салықтарды жинаудан түсетін кірістер бірқатар факторлардың болуымен шектеулі. Бұл басқарудың төмен деңгейі, салық салу негізінің бұзылуы, баспа-бас айырбастаудың және кірістерді заңсыз жасырып қалудың басқа да нысандарының дамуы. 1995 жылы маусымда Қазақстан рынокке бағдарланған жаңа Салық кодексін қабылдады, онда салық салу құрылымын қарапайым етті және салықтық басқару жүйесін жетілдіру мен салықтық жинаулардың көрсеткіштерін жақсарту үшін заң шеңберін қамтамасыз етті. Одан кейінгі жылдары Салық кодексіне өзгерістер енгізілді, олардың соңғысы 1997 жылы желтоқсанда жасалды, оның мақсаты салық төлеушілердің міндеттемелерін орындау жөніндегі шараларды күшейту болды, алайда салықты жинаудың бүгінгі деңгейі төмен күйінде қалып отыр және ол 40% құрайды, ал бұл цифр дамыған нарықтық экономикалы елдерде 80-90% аралығында және дамушы елдерде 60% (мысалы, Африка). Осы контекстің шеңберінде салық-әкімшілік жүйесін қайта ұйымдастыру мен реформалау бұл күндері Қазақстан бетпе-бет келіп отырған бірден-бір және мейлінше маңызды бюджеттік проблема болып табылады. Сондықтан ресурстардың елеулі мөлшерін кірістерді жинаумен айналысатын органдардың ұйымдық, басқару және операциялық құралы мен құзыреттілігін ұлғайту үшін оқытуды және тиімді басшылық жасауды қоса алғанда салық салу процесін реформалауға п а й д а л а н у ө т е м а ң ы з д ы .

USAID қазірдің өзінде 2001 жылдығы аяғына дейін салықтық реформалау жобасы жөніндегі қызметті кеңейту үшін техникалық көмек ретінде 4.0 млн АҚШ доллары сомасына грантты жүзеге асырып отыр. Жоба салық саясатын және мемлекетаралық салықтық шеңберлерді жетілдіруге жәрдемдеседі.

"Ноу-Хоу" Британ қоры Салық комитетінің басқару персоналы мен қызметкерлері үшін материалдарды береді және оқыту курстарын ұйымдастырады.

Дүниежүзілік Банк жақында Салық жүйесін жетілдіру жөніндегі жобаның жалпы

бюджетінің 85% қаржыландыруға 17.3 млн теңге АҚШ сомасындағы займды бекітті, оның мақсаты бюджетке салықтарды жинаумен айналысатын республикалық және аймақтық жергілікті органдарды дамыту және салық төлеушілерге қызмет көрсетулердің берілуін бақылауды жетілдіру болып табылады. Займның шарттары бойынша Қазақстан Үкіметі қоса қаржыландыруға келісім берді және оның үлесі жобаның жалпы бюджетінің 15% құрайды.

ТАСИС-тің көзделініп отырған жобасы мұның алдындағы донорлар қызметінің нәтижелеріне құрылады және Дүниежүзілік Банктің Салық жүйесін жетілдіру жөніндегі тапсырмаларын одан әрі орындаумен мейлінше өзара байланысты болады. Сондай-ақ күш-жігер басқа да донорлармен (USAID, Британ "Ноу-Хоу" қоры) тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталады. Мемлекеттік кіріс министрлігінде салықты басқару саласындағы донорлардың қызметін үйлестіру жөніндегі комитет құрылады.

#### Ұйымдық бағалау

1998 жылғы қазанда салықтарды жинау жөніндегі қызметті басқаруға толық жауапкершілік (оның ішінде акциздерді және импорттық баждарды) жаңадан құрылған Мемлекеттік кіріс министрлігіне берілді. Жаңа министрліктің құрылымына кірістерді жинау жөніндегі басқа комитеттермен бірге (мысалы, алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын бақылау жөніндегі комитет) Салық комитеті, Кеден комитеті және Салық полициясы кіреді. Негізгі ұйымдық құрылым республикалық және қалалық, аудандық деңгейде ұйымдастырылған Салық комитеті болып табылады. 1997 жылғы қазанда, Қаржы министрлігі кезінде Салық комитеті нарықтық экономика жағдайларындағы салық жүйесінің нақты талаптарымен ұштасатын жаңа функцияларды қабылдады, олар салық заңдарының сәйкестілігіне басшылықты, салық төлеушілерді бақылауды күшейтуді және салықтарды төлемеген жағдайдағы шараларды қамтыды. Сондықтан қазір барлық деңгейлерде Салық комитетінің функцияларын одан әрі жетілдіру мен енгізу өте маңызды. Сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратының ұйымдық және әкімшілік деңгейін жетілдіру және салықтарды жинау бойынша Салық комитетінің, Кеденнің және табыс салығын жинаумен айналысатын бюджеттен тыс қорлардың күш-жігерін біріктіруге жәрдемдесу қажет.

Салық-әкімшілік жүйесін, толық қайта ұйымдастыруды тежейтін екі негізгі фактор бар: 1) бас офистің мөлшері және егер халықаралық практикамен салыстыратын болсақ, функцияларды орындауға қатысты персоналдың едәуір жетіспеушілігі 2) еңбекақының төмен деңгейі. Бұл Министрліктің жоғары білікті қызметкерлерді іріктеп алуын, ұстап тұруын және оның принциптілігін қамтамасыз етуін шектейді, алайда бұл жерде Әділет министрлігі де бұл мәселелерді шешуде шектеулі күйде екенін айтуға болады. Бекіту сатысындағы Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің персоналына қатысты саясат жаңа Мемлекеттік қызмет

істері жөніндегі агенттіктің тікелей заңдық құқығында.

Мақсаттары:

Жобаның жалпы мақсаты - салық-әкімшілік жүйесі кірістерінің көрсеткіштерін жақсарту.

Нақты мақсаттары:

- Салық-әкімшілік органдарының транспаренттілігін (ашықтығын және принциптілігін арттыру)

- Салық төлеушілердің міндеттемелерін орындауына байланысты шығыстарын қысқарту

- Қазіргі бар салық ауыртпалығын бұра тартпай бөлу

- Салықтарды төлеу жөніндегі берешектері, кірістерді жасыру мен контрабандалық жүктерді азайту

Сатылар/компоненттер

Жоба жүзеге асырудың екі сатысына бөлінген:

1-саты

1.1 Мемлекеттік кіріс министрлігінің орталық аппаратын жетілдіру

Осы компонентпен орталық аппараттың ұйымдық және басқару құрылымын жетілдіру үшін функционалдық құрылымының тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Н е г і з г і к ы з м е т і :

- Орталық аппаратқа түсетін ақпаратты ұйымдық шолу және талдау

- Орталық аппарат үшін функционалдық құрылымының жобасын әзірлеу, ол нарықтық экономика жағдайында кірістерді жинау жөніндегі қабылданған халықаралық практикаға сәйкес қажетті қосымша персоналды және жекелеген бөлімшелердің санын анық айқындайды.

- Орталық аппараттың жаңа функционалдық бөлімшелерін ұғымдармен, методологиямен және оқытумен қамтамасыз ету

- Басқа мемлекеттік-әкімшілік органдардың басқару жүйесіне қол жеткізе отырып орталық аппараттың деңгейінде шешімдерді жоспарлау мен қабылдауға жәрдемдесу үшін ақпараттық басқару жүйесін әзірлеу және құру.

2 - с а т ы

Жобаның екі сатысын Салық комитеті бас офисі персоналының саны тиісті деңгейге дейін көбейген жағдайда ғана жүзеге асыруға болады. Ол мынадай компоненттерді қамтиды:

## 2.1 Салық комитеті бас офисінің жұмысын жетілдіру

Салық комитеті ұйымның функционалдық жүйесін 1997 жылдың қазанында қабылдады. Осы компонентпен жоба жаңа функционалдық бөлімшелерді облыстық (қалалық) және аудандық деңгейлерде жүзеге асырылатын салықтарды жинау жөніндегі қызметті тиімді басқара алатындай түсініктермен, операциялық рәсімдермен және құралдармен қамтамасыз етеді. Негізгі қызметі:

- Бас облыстық және аудандық офистердің (Салық комитеті) арасында жұмыстың анық және бірыңғай бағыты мен бөлінісін қамтамасыз ететін Республикалық б а с ш ы л ы қ т ы б а с ы п ш ы ғ а р у .

- Функцияларды орындау есептілігінің мониторингі мен бағалануының ұлттық стандарттарын шығару (басқару функцияларын орындауға жауапты офис)

- Барлық салық заңдары мен нұсқаулықтардың және ішкі апелляция стандарттарының ұлттық стандарттарын шығару (жұмыстың заңдық және нормативтік ш е ң б е р і н е ж а у а п т ы о ф и с )

- Заң және нормативтік жұмыс шеңберлеріне жауапты офисті салық салу жөніндегі түрлі заңдар мен нұсқаулықтардың орындалуын бақылайтындай, жасырын жолдар мен қайшылықтарын анықтайтындай етіп құру. Бұл мәселелер жөніндегі шешімдер елдің салық заңдарын жетілдіру үшін пайдаланылатын болады.

- Бірыңғай ақпараттық технологияларды жүзеге асыру мен басқарудың ұлттық стандарттарын шығару (ақпараттық технологиялар үшін жауапты оФис)

- Мыналарды шығару: а) экономикалық талдау мен жобалау жоспары б) жыл сайынғы аудиторлық жоспар в) аудит пен зерттеу стандарттары г) аудиторлық стандарттар бойынша техникалық анықтамалық (аудит үшін жауапты офис)

- Мыналарды шығару: а) берешектерді өтеудің ұлттық жоспары б) борыштарды басқару стандарттары в) салық саясатымен бірге мәжбүрлеу шараларын үйлестіру стандарттары г) борыштарды жинау жөніндегі стандарттардың техникалық анықтамалығы (берешектерді басқару үшін жауапты офис)

- Мемлекеттік қатынастар саясаты үшін жауапты офисті: а) бұқаралық ақпарат құралдарында науқандық жарияланымдарды әзірлеуді б) білікті аудит және берешектерді жинау жағдайларын жариялау в) баспасөзбен тығыз қарым-қатынасты жолға қою г) баспасөз релизін жариялауды тиімді жасайтындай етіп құру.

## 2.2 Облыстық және аудандық деңгейлерде функционалдық бөлімшелерді енгізу.

Осы компонентпен жоба функционалдық құрылымның тұжырымдамасын дамытуды жүзеге асырады және оны енгізуге жәрдемдесетін болады. Негізгі қызметі:

- Салық төлеушілерге қызмет көрсету апелляцияларды басқару, бухгалтерия, аудит, мәжбүрлеу шаралары мен ақпараттық технология үшін жекелеген бөлімшелерге дәл бөлінетін функционалдық құрылымды әзірлеу.

- Қызметтің негізгі түрлері бойынша аудандық және облыстық офистерде жүзеге

асырылатын процестер мен рәсімдердің егжей-тегжейлі тұжырымдамасын жасау.

- Жаңа құрылымға, процесс пен рәсімдерге сәйкес басқару және операциялық персонал үшін лауазымды міндеттердің сипаттамасы.

- Салық инспекторлары міндеттерін өз жұмысының функцияларына сәйкес жүзеге асыратындай оқыту бағдарламасын дайындау. Аудит, берешекті басқару және осы персоналды оқытуда көмек көрсету мақсатымен мәжбүрлеу шараларын жүзеге асыру саласында анықтамалықтар жасауға ерекше назар аударылатын болады.

- Бұрынғы міндеттері қазіргісінен ерекшеленетін персоналды сақтауды қоса алғанда облыстық және аудандық салық офистерінің персоналын орын ауыстыру бағдарламасын әзірлеу.

- Жұмыстың жаңа жағдайлары кезінде облыстық және аудандық салық офистері жұмыстарының нәтижелерін бағалаудың методологиясын әзірлеу. Методология бағалау құралдарын және ұйымның функционалдық құрылымын ұдайы жетілдіруді қамтуы тиіс.

### 2.3 Салық жинау жөніндегі қызметті біріктіру

Осы компонентпен жоба Салық комитетінің, Кеден комитетінің, Алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын бақылау жөніндегі комитеттің және табыс салығын жинаумен айналысатын бюджеттен тыс қорлардың салықтарды жинау жөніндегі күш-жігерін біріктіруге жәрдемдесетін болады. Бұл үшін Салық комитеті салық декларацияларының дәл толтыруы жөніндегі ақпаратты алатын болуы тиіс, жоба сондай-ақ Әділет министрлігінің және осыған қатысы бар басқа да органдардың электронды деректерінің арасында байланыс орнатады. Негізгі қызметі:

- Салық комитетінің Әділет министрлігімен бірлесіп тіркеу деректерін жаңарту жөніндегі бір мезгілдегі ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыру және республикалық, облыстық деңгейлерде тіркеу деректерін құру.

- Салық комитетінің тіркеу деректерін жаңарту жөніндегі бір мезгілдегі бағдарламасын жүзеге асыру және жеке тұлғаларға арналған ұлттық тіркеуді құру.

- Ұлттық тіркеулерді құрғаннан кейін дереу жеке және заңды тұлғалар үшін СТН берудің бірыңғай жүйесін шығару немесе қабылдау.

- Әділет министрлігімен электронды байланыс құру жөніндегі хаттамаларды талқылау және заңды тұлғалар СТН алуы кезінде заң құжаттарын қайта тіркеу мен тігудің қажеттілігін жою.

- Жеке тұлғаларды тіркеу туралы маңызды ақпаратқа ие органдармен автоматты байланыс құру жөніндегі хаттамаларды талқылау.

- Салық органдарына берілетін декларациялардың жасалуының дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар арасында автоматты байланыс құру жөніндегі хаттамаларды талдау.

- Қажет болғанда аудит пен аудит процесі арқылы кірістердің жасырылуын

анықтауға мүмкіншілік бере отырып жеке меншік секторда мәжбүрлеу шараларының жағымсыз әсерін қысқарту мақсатындағы шараларды біріктіру

### К ү т і л е т і н н ە т и ж е л е р

- Нарықтық экономика жағдайында кірістерді жинауды тиімді жүзеге асыру мақсатында салық-әкімшілік органдарын ұйымдастыру және жарақтау.

- Салық заңдары тиімділігінің мониторингі, адалдық пен бұра тартпаушылық мақсатында салық-әкімшілік органдарын жарақтау.

- Салық төлеушілерде салықтарды төлеудің еріктілігін тәрбиелеу мақсатында салық-әкімшілік органдарын жарақтау.

- Салықтардың сәйкессіздігі мен одан жалтаруды анықтау мақсатында салық-әкімшілік органдарын жарақтау.

### М ү м к і н м і н д е т т е м е л е р / т ә у е к е л

- Салық-әкімшілік жүйесін реформалауды жоғары саяси деңгейге беру.

- Салық комитетінің бас офистерінде және Мемлекеттік кіріс министрілігінің орталық аппаратында персоналдың санын көбейту және салық органдарының қызметкерлері үшін төлем саясатын жетілдіру.

- USAID жәрдемімен салық кодексін, әсіресе ҚҚС-ті тіркеуге, ақша

қаражатын қайтаруға, айыппұл жүйесі мен салық апелляцияларына қатысты ережелерді жетілдіру.

- Дүниежүзілік Банктің схемасы бойынша және жәрдемімен ақпараттық технологияларды әзірлеу.

- Дүниежүзілік Банктің схемасы бойынша және жәрдемімен бағдарламаны жүзеге асыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі бөлімшені құру.

- Мемлекеттік кіріс министрілігінің салықтық әкімшіліктендіру саласындағы барлық донорлардың қызметін үйлестіруге арналған комитетін құру.

ЕҚ бюджетінің бөлінісі:

1-саты 0.5 млн ЕУРО

2-саты 2.0 млн ЕУРО

Барлығы 2.50 млн ЕУРО

N 7 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қорғау-рыноқтың тік құрылымын құруды қолдау

Сектор: Ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнеркәсібі

Жобаның құны: 2.0 МЕВРО

Жобаның ұзақтығы: 24 ай

Түпкі алушы: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Алғы тарихы мен негіздемесі:

Қазір Қазақстанда азық-түлік бөлісінің мемлекеттік жүйесі бұзылды және осы уақытта жаңа маркетингтік жүйе дамып жатқанымен, жалпы жағдай әлі де күрделі болып отыр. Жүйе, атап айтқанда, ауыл шаруашылығы рыногының жоқ инфрақұрылымы жедел жақсартуды қажет етеді. Көптеген жеке фермерлер өзінің өнімін өткізу кезінде қиыншылықтармен душар болып отыр және тиісінше өзінің күш-жігерінен аз пайда алады. Өндіріс және өндіріс құралдарының нарықтық жүйесі саласында тиісті саясат болмай, фермерлік қайта құрылымдаудың талпынысы тәуекелге душар болуы мүмкін.

Азық-түліктің бөлінісі жүйесінде кейбір оң өзгерістер болды. Қазіргі сәтте Алматыда пилоттық көтерме рынок құрылды. Ақтөбе, Қарағанды және Талдықорғанды қоса алғанда, басқа қалалар Тасис Жобасының тарапынан көтерме рыноктарды дамытуды қолдау туралы өтініш жасады, сөйтіп көтерме рыноктардың желісін ашуға ниет қылуда. Бұл жоба сондай-ақ фермерлер маркетингте дұрыс шешімдер қабылдауы және жаңа нарықтың құрылымды тиімді пайдалануы үшін оларға ақпараттық қызмет көрсетуі дамытады, алайда жеке өңдеушілерді осы рынокпен байланыстыратын ауыл шаруашылығы рыногының құрылымын құру өте қиын болып табылады. Жинақталған тәжірибе ауыл шаруашылығы рыногының түрлі нысандарын дамытудың алғы шарты қалаларда көтерме рыноктарды құру болып табылатындығын көрсетіп отыр.

Ж о б а н ы ң м а қ с а т ы :

Таңдап алынған облыстардың әрбіріне түрлі тәсілдерді жүзеге асыру қажет болады. Олардың арасында мыналар бар:

- Қажет болғанда өндіріс құралдарын қоса алғанда жинау рыногын құру;
- Ұлттық жүйемен байланысты рыноктың жергілікті ақпарат жүйелерін дамыту;
- Фермерлік топтар мен кооперативтерді күшейту;
- Тиімді бәсекелестік құру үшін ауыл шаруашылығында тиімді сауда жасаушылар мен бизнесмендерді құруды ынталандыру;

Бұл тәсілдер тұтынудың түрлі нысаналары, сондай-ақ институционалдық функционалдық аспектілер жағдайында, атап айтқанда, мыналарда бағалануы тиіс:

- Тұтыну нысанасы - рынокта әрбір өнімге сұраныс жағдайы мен ұсыныстарды назарға ала отырып;
- Институционалдық аспектілер - тиісті ұйымдық немесе бизнес құрылымдар және қолдаудың қажетті қызмет көрсетулерін құру (мысалы, қаржы);
- Функционалдық аспектілер маркетингте түрлі функцияларды назарға ала отырып



Жоба мынадай екі сатыда жүргізілуі тиіс:

1-саты - стратегиялық жоспарлау сатысы - жобаны Ауыл шаруашылығы министрлігі мен нысаналы облыстардың шеңберінде құруға шоғырландыратын болады. Бірінші сатының барысында жергілікті мұқтаждықтар, қазіргі нарықтық жүйенің күшті және осал жақтары бағаланылады, сондай-ақ ауыл

шаруашылығы рыногының жалпы стратегиясы контексінде жоба құратын жаңа маркетингтік құрылымдар айқындалатын болады.

2-саты - жүзеге асыру сатысы - әрбір нысаналы облыстар үшін қолданылатын болады.

Жалпы индикативтік бюджет: 2.0 МЕВРО

№ 8 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Қазақстан Республикасында транзиттік дәліздер саясатын дамытуды қолдау

Сектор: Инфрақұрылымды дамыту

Жобаның құны: 2.0 МЕВРО

Жобаның ұзақтығы: 18 ай

Түпкі алушы: Көлік және коммуникациялар министрлігі

Алғы тарихы:

Қазақстан Республикасы экономикасының өзіндік ерекшелікті сипаты жүк көлігін генерациялау мен тарту орталықтарының кең дисперсиясы болып табылады. Өндірумен, қара және түсті металлургиямен, өңдеумен, жылу энергиясын өндірумен, астықты өңдеумен айналысатын негізгі өнеркәсіп объектілері Қазақстан аумағының бүкіл өне бойына орналасқан, сондықтан оларды алмастыру, шикізат пен жартылай фабрикаттың экспорты мен импорты алыс қашықтыққа тасымалдауды қажет ететін орасан зор жүкті құрайды. Мұндай жағдайда көлік өнеркәсіп пен ұлттық экономиканың маңызды компонентіне айналады.

Мұның үстіне Қазақстанның көлік жүйесін зерделеу мен көлік саясатын қалыптастыру кезінде оның Азия континентінің орталығында географиялық орналасуын ескеру қажет. Қазақстан көптеген Еуразия мемлекеттерінің континентаралық және аймақаралық көліктік байланыстары үшін айналып өте алмайтын транзиттік ел болып табылады.

Негіздемесі:

Республиканың негізгі көлік дәліздері бойынша халықаралық және мемлекетшілік

қатынаста көлік жүктері мен жолаушылар ағындарының тұрақты мониторингін жүргізу Қазақстанның және көршілес мемлекеттердің жекелеген аймақтарындағы өнеркәсіптің дамуын ескере отырып Қазақстан Республикасының халықаралық дәліздерінің қалыптасу схемасын түзетуді жүзеге асыруға, сондай-ақ, жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың талап етілетін мерзімдерін қамтамасыз ету жолында тұрған физикалық және физикалық емес кедергілері анықтауға мүмкіндік береді. Осы кедергілерді жоятын, біздің аумағымыз бойынша транзиттіктерін қоса алғанда сауда ағындарын өсіруге мүмкіндік беретін жолдар мен құралдарды табу қажет. Бұл контексте "Транзит туралы" заңның жобасы Қазақстан Республикасы үшін қызмет көрсетудің тарифтері мен сапасы Қазақстан Республикасындағы көлік дәліздерінің бәсекелестік қабілетін арттыруға ықпалы секілді қазіргі бар рәсімдер мен практикаларды ұтымды етуге үлес қосады. Қазіргі уақытта көлік-коммуникация саласында клиенттер үшін мынадай екі маңызды принцип бар:

- Олардың қауіпсіздігін қоса алғанда тасымалдау кезіндегі жөнелтудің тұрған жері мен шарттары жөніндегі ақпарат.

Сондықтан біз тасымалдаулар бойынша ақпаратты орталықтандырылған жинау мен өңдеуді құру арқылы жүктің жылжуын жақсартуымыз қажет. Бұл тағы да жүйелі мониторингтің пайдалылығын дәлелдейді.

Көлік операцияларының тиімділігі мен Республиканың әлеуетін толық пайдалану жобадан жаңа ортада тарифтерді қайта қарауды және белгілеуді талап етеді. Тарифтер тек транзиттік көлік қызмет көрсетулерінің нақты өзіндік құнын өтеуі ғана емес, сондай-ақ олардың сапасын арттыруды ынталандыруы тиіс. Тарифтік жүйе түрлі аймақтық шығындарға байланысты түрлі тарифтер белгілеуі тиіс. Жүк көлігінің сапасы берудің жылдамдығымен және келген кезіндегі тауарлардың жақсы жай-күйімен айқындалады. Сондай-ақ жолаушылардың тілегі жылдамдық пен жақсы жағдайлылық болып табылады. Бұл принциптер тарифтік жүйенің егжей-тегжейлі компоненттерін мұқият зерделеу мен толық талдауды білдіреді.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға капиталды инвестициялаудың көпшілік жағдайда пайданың төмен деңгейін әкелетіндігін, бұл салаға инвестиция жасау шетелдік және жеке капитал үшін тартымдылықты аз ететіндігі, мұның көлік желісін тиісті түрде дамытпауға және орнықтырмауға алып келетіндігі белгілі. Сондықтан қоғамда тасымалдау толық емес қажетті көлемде жүзеге асырылады. Осыған орай инвестицияларды тарту үшін және көлік кәсіпорнына бірте-бірте өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндік беру үшін әділ салық саясаты әзірленуі және қолданылуы тиіс.

Қазіргі бар жолдарды қалпына келтіру қайта жаңарту немесе ұқсастарын пайдалану және жаңаларын жасау секілді қарқынды күрделі салымды талап ететін мұндай шаралар сөзсіз шетелдік инвестициялауды талап етеді және бұл өз кезегінде

егжей-тегжейлі техникалық-экономикалық негіздеменің негізінде жұмылдыруы мүмкін

ТРАСЕКА бағдарламасы республиканың транзиттік әлеуетін іске асыру жөнінде техникалық көмек беруге жәрдемдесер, бірақ шын мәнінде, жалпы әлеуеттің 2/3 жуығы ТРАСЕКА бағдарламасының ықпал ету аймағынан тыс қалып отыр.

Келесі маңызды фактор Қазақстан Республикасы заңдарының рәсімін оңайлататындай етіп, бұл ретте кеден органдарына өздерінің бақылау және кірістер алу міндеттеріне залал келтірмей қайта қарау болып табылады.

#### Ж о б а н ы ң                    м а қ с а т ы :

Жобаның жалпы мақсаты Қазақстан Республикасы дәліздерінің бәсекелестік қызметін арттыру болып табылады. Бұл мыналарды көздейді:

- Жүк және жолаушыларды тасымалдауға арналған шығындарды қысқарту

- Осы тасымалдаулардың жылдамдығын арттыру

- М ы н а д а й :

- Жүйелі мониторинг жүргізу

- Статистиканы орталықтандырылған жинау мен өңдеу жолымен көлік қызмет көрсетулерін ұлғайту мен сапасын жақсартуды қолдау

- М і н д е т т е р і :

- Қазақстан Республикасы үшін "Транзит туралы" моделдік заңды әзірлеу жолымен көлік жөніндегі ұлттық базаны қайта қарау.

- Көлік секторындағы тарифтік және салықтық рәсімдерді жақсарту жөніндегі ұ с ы н ы м д а р .

- Кеден рәсімдерін Қазақстанның аумағы арқылы транзиттік ағындарды көбірек тартатындай етіп оңайлату жөніндегі ұсынымдар.

- Көлік дәліздері жылдамдығының параметрлерін қоса алғанда тасымалдаулар жөніндегі деректерді орталықтандырылған жинау мен өңдеуді құруды және толық әрі ақиқат ақпаратты уақытылы тартуды көздейтін көлік есебінің сапасын жақсарту ж ө н і н д е г і    ш а р а л а р .

- Қазіргі бар жолаушылар мен жүк ағындарын, атап айтқанда, транзитке, импорттық және экспорттық операцияларға қатыстыларын зерттеу, Қазақстанның өнеркәсіптік, және мұнай-газ өндірісінің күтіліп отырған дамуына сәйкес көліктік болжамдауды д а й ы н д а у .

- Негізгі жобаларды техникалық-экономикалық негіздеуді дайындау, Бұл

транзиттік мүмкіншілікті жақсартады.

- Барлық осы міндеттерде интермодальді және құрастырмалы көліктік

практиканың дамуын есепке алу.

Жалпы индикативтік бюджет: 2.0 МЕВРО

№ 9 жобаның сипаттамасы

Жобаның атауы: Қазақстан Республикасының мұнай өндіру секторын және мұнайды тасымалдау секторын қолдау

Сектор: Энергетика

Жобаның құны: 2.0 М п

Жобаның ұзақтығы: 24 ай

Түпкі алушы: Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

Негіздемесі:

Қазақстан Республикасының "ҚазақОйл" ұлттық мұнай-газ компаниясы 1997 жылы құрылды және шетелдің қатысуындағы кәсіпорындарды қоса алғанда Қазақстанның мұнай және газ секторындағы 20-ға жуық кәсіпорында үлестік қатысуы бар. Бұған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ (акцияларының 25% ҚазақОйлға тиесілі), "Ақтөбе мұнайгаз" (акцияларының 20% ҚазақОйлға тиесілі), "Өзенмұнайгаз" АҚ (акцияларының 85% ҚазақОйлға тиесілі), "Ембімұнайгаз" АҚ (акцияларының 85% ҚазақОйлға тиесілі), "Теңізмұнайгаз" АҚ (акцияларының 85% ҚазақОйлға тиесілі) және "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорны (акцияларының 25% ҚазақОйлға тиесілі) кіреді. ҚазақОйл акцияларының үлесіне ие компаниялардың мұнай өндіру көлемі 1997 жылы мұнайдың 28 млн тонна жалпы санының 24 млн тоннадан астамы тиеді.

ҚазақОйл бұл компанияларда мемлекеттік қатысуды білдіреді және Қазақстан Республикасы атынан мұнай мен газды барлауға, өндіру мен қайта өңдеуге келісім ж а с а с а а л а д ы .

"ҚазТрансОйл" компаниясы елдің мұнай өнімдерін тасымалдау секторындағы мүддесін білдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 461 қаулысымен 1997 жылғы сәуірде құрылды. Компанияның басқаруында 6,300 км-ге жуық негізгі арналы құбыр желілері мен 3,400 км су құбыр желілері бар (олардың ішіндегі мейлінше маңыздылары Өзен алып кен орнын қоса алғанда, Маңғыстау облысының кен орындарында Волгадан су беруді қамтамасыз етеді).

ҚазТрансОйл бұдан басқа құбыр желілері жөніндегі халықаралық жобаларда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге уәкілетті.

Жақында ҚазТрансОйлдың активтері ҚазақОйлға берілді.

Энергетика секторындағы жалпы іріктеу Энергетика және сауда министрлігіне жүктелген. Барлау жұмыстары мен мұнай және газды өндіруді лицензиялауға жауапты Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет болып табылады.

## Негізгі міндеттері:

1997 жылы Қазақстанның мұнай-газ секторына қайта құрылымдау жүргізілді. Мұнда ҚазақОйлға ұлттық мұнай-газ компаниясының дәстүрлі рөлі жүктелінді.

Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттен басқа ҚазақОйл 1996 Tasis-тің мұнай-газ секторындағы мониторингті ұйымдастыруда компанияны қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған жобасының алушысы болып табылады, ол мемлекеттік органдарға мұнай-газ компаниялары-операторлары алған деректерді сақтау мен сұратуға мүмкіндік беретін деректердің пилоттық базасын қамтиды, сондай-ақ оның құрамдас бөліктерінің бірі жобаларды дамытудағы компаниялардың қабілетін күшейту болып табылады және бұдан басқа бұрғылаудың алдыңғы қатарлы технологияларын о қ ы т у д ы қ а м т и д ы .

Жаңадан ұсынылып отырған жоба мемлекеттік құрылымдардың байқаушылар рөліндегі мүмкіншілігін одан әрі күшейтуге нысаналанған және сондай-ақ мұнай өнімдерінің сапасы мен сертификатталуы мен тәуелсіз бақылау, теңіз операцияларын жүргізуі кезінде қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалынуы мәселелерінде жәрдемдесу секілді мұнай-газ секторын дамыту үшін шешуші мәні бар кейбір басқа да мә с е л е л е р г е б а ғы т т а л ғ а н .

Жер бетіндегі құбыр желілері үшін қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалынуына осы секілді жәрдемдесуде ҚазТрансОйл компаниясына оны халықаралық деңгейде құбыр желілерінің компания-оператор ретінде дамытуға және т а н у ғ а қ о л д а у к ө р с е т і л е д і .

Осымен негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Энергетика министрлігіне және/немесе "ҚазақОйл" компаниясына олардың реттеуші және/немесе байқаушы рөліне одан әрі жәрдемдесу;
- Мұнай мен мұнай өнімдерін сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін құру;
- Теңіз операциялары үшін қауіпсіздік пен қоршаған орта мәселелеріне жәрдемдесу;
- ҚазТрансОйл компаниясына құбыр желілерінің операторлығы үшін қауіпсіздік пен қоршаған орта мәселелерінде жәрдемдесу.

## Негізгі компоненттер:

Негізгі компоненттер мыналарды қамтиды:

ҚазақОйл компаниясына және/немесе Энергетика министрлігіне олардың реттеуші және/немесе байқаушы рөліне одан әрі жәрдемдесу:

- Энергетика министрлігіне газ секторындағы заңдар мен энергетика саласындағы салық салу режимінің мәселелері бойынша жәрдемдесу;
- "ҚазақОйл" компаниясына халықаралық есеп жүйесін, ақпараттық басқару жүйесін және басқа да халықаралық басқару құралдарын ұйымдастыруда жәрдемдесу;
- Әлібекмола, Қожасай және Өріктау кен орындарын игеру бойынша

техникалық-экономикалық негіздерге арналған материалдардың нұсқалары мен жиналуын әзірлеу;

Мұнай мен мұнай өнімдерін сертификаттаудың тәуелсіз жүйесін құру:

- Мұнай мен мұнай өнімдерін сертификаттаудың тәуелсіз жүйесіне арналған стандарттарды әзірлеу;

- Мұнай мен мұнай өнімдерінің сапасын талдау мен сертификаттау үшін Атырау қаласында қазіргі бар ұйымның жанына пилоттық лаборатория құру;

- Сапаны және мұнай мен мұнай өнімдерінің сапасын сертификаттау жөніндегі басқа да ілеспе мәселелерді қамтамасыз ету бойынша оқыту бағдарламасы (жүргізу орны - Атырау қаласы);

Теңіз операциялары үшін қауіпсіздік пен қоршаған орта мәселелеріне жәрдемдесу:

- Теңіз операциялары кезінде қауіпсіздік пен қоршаған ортаның жалпыға бірдей стандарттары мен рәсімдерін әзірлеу;

- Теңізде белгілі бір қазақстандық компания-оператор үшін теңіз операциялары кезінде қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғаудың стандарттары мен рәсімдерін әзірлеу;

- Теңіз операциялары кезінде қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғаудың стандарттары мен рәсімдері бойынша оқыту бағдарламасы (оқыту орны - Ақтау қаласы);

"ҚазТрансОйл" компаниясына құбыр желілерінің операторлары үшін қауіпсіздік және қоршаған орта мәселелерінде жәрдемдесу:

- Ескертілетін техникалық қызмет көрсету жүйесі секілді мәселелерді қоса алғанда, құбыр желілерінің операторлары үшін қауіпсіздік пен қоршаған ортаның жалпыға бірдей стандарттары мен рәсімдерін әзірлеу;

- "ҚазТрансОйл" компаниясы операция жүргізетін, ескертілетін техникалық қызмет көрсету, құбыр желісінің мониторингі жүйелері және модельдеу жүйелері секілді мәселелер, қоршаған ортаның қауіпсіздігі, мониторингі және авариялық жағдайлар кезіндегі іс-әрекет мәселелері көрсетілетін құбыр желісінің шағын секциясы үшін мониторингтің пилоттық жүйесін құру;

- ҚазТрансОйлдың барлық операцияларына осындай жүйені қолдану жөнінде бизнес жоспар дайындауға арналған материалды жинау;

- Құбыр желілерінің операторлары үшін техникалық қызмет көрсету рәсімдері, қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалануының стандарттары мен рәсімдері бойынша оқу бағдарламасы (жүргізу орны - Ақтау қаласы);

Оқыту бағдарламасы бұрын Tasis-тің жәрдемдесуімен негізі қаланған

Мұнайгаз өнеркәсібінің оқу орталығымен бірлесіп жүргізілуі тиіс.

Осы жоба бойынша іс-шаралар Ақтау қаласында жергілікті деңгейде алушы ретінде іс-қимыл жасайтын тиісті құрылымды құрумен байланысты болады.

Мұндай құрылымның құрылуына жауапкершілік қазақстандық уәкілетті органдарға жүктеледі.

Жалпы индикативтік бюджет: 2.0 М п

Сарапшылар 1,500,000

Жабдық 300,000

Басқалар 200,000

Барлығы 2,000,000

## ЕУРОПА ҚОҒАМДАСТЫҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘРДЕМДЕСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

### ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫ 1999

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

үшін

1999 жылға ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### 1. Айқындама

Атауы Қазақстан үшін 1999 жылға арналған

Тасис іс-қимыл бағдарламасы

Құны: 16.65 млн. Еуро

ЕҚ үлесі: 16.65 млн. Еуро

Ұзақтығы: 2002 ж. 31 желтоқсанға дейін

Бюджет тармағы: В7-520

Бағдарламалардың Даниель Гиядер (DGIA-C4)

үйлестірушісі:

Жобаны енгізу: Свен Кьелстромның бөлімі (SCR=A3)

#### 2. Бағдарламаның қысқаша мазмұны

Қазақстан Республикасы үшін техникалық жәрдемдесу жөніндегі Іс-қимыл бағдарламасы (ID) экономиканың негізгі секторларындағы бірқатар іс-қимылды біріктіреді, атап айтқанда: Құрылымдық және Ұйымдық Реформа, ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту; қорлардың кейбірі қаржылық ұсыныстағы "Шығындар сметасы және қаржыландыру" деген 10-тармақта егжей-тегжейлі сипатталған шағын жобалардың бағдарламалары бойынша бөлінеді. Ұлттық та, аймақтық та деңгейлерде жүзеге асырылуға тиіс бұл іс-қимылдардың мақсаты ортақ - Қазақстанды демократиялық қатынастар мен нарықтық экономикаға өту кезеңінде қолдау. Осы қадамдар Қазақстан өкіметі мен Тасис Басқарушы комитеті

арасында келісілген 1996-1999 жж. Индикативтік бағдарлама шеңберінде қолға алынатын болады. Олар 1997 жылға арналған алдыңғы Іс-қимыл бағдарламасын жалғастырады әрі кеңейтеді.

Бағдарлама 16.65 миллион Еуро мөлшеріндегі ЕҚ гранттары есебінен қаржыландырылады; 7.35 миллион Қазақстанның шағын жобалар бағдарламасына, сондай-ақ АТА бағдарламасына қатысуына арнап бөлінетін болады. ЕҚ қаржыландыратын әрі Қазақстан үшін мүдделі болып табылатын басқа іс-қимылдарды қорлар жеке, мемлекетаралық бағдарлама арқылы қамтамасыз ететін болады.

### 3 . Е л д е г і а х у а л

#### 3 . 1 . С а я с и д а м у

Қазақстанға неғұрлым кеп дәрежеде Орталық Азияда, және де ТМД елдерінің арасында көбірек дәрежеде нарықтық реформаларды жүргізу саласындағы өзінің көшбасшылық жағдайын сақтап қалудың сәті түсті.

Халықаралық күштер тарапынан берілген кеңестер басшылығымен іс-қимыл жасай отырып, Үкімет түбегейлі реформалауды басынан кешті; министрліктердің, мемлекеттік комитеттер тәрізді саны қысқартылды. Президентке тікелей бағынысты мынадай бірқатар ықпалды агенттіктерді құру арқылы Президент өз билігін нығайтты: Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік (СЖА), кейінірек Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік (МПА). 1998 жылдың, басында Президент Н. Назарбаев Ұлттық Банктің бұрынғы Төрағасы Жандосов мырзаны Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары қызметіне тағайындады. Мұнай және газ министрлігі Қазақойл мемлекеттік компаниясы болып қайта құрылды, ол мұнай-газ операцияларының мемлекеттік үлесін басқарады. 1998 жылғы қыркүйекте Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік салық комитеті таратылып, Мемлекеттік кіріс м и н и с т р л і г і құрылды .

Қазақстанның тәуелсіздігін алған сәтінен бастап оның демократиялық институттарын топтастыру саласында ілгерілеушілікке қол жеткізілді. Парламент, әсіресе оның төменгі палатасы Мәжіліс қазіргі заманғы нарықтық экономикаға қажет заңдық инфрақұрылым үстінде көп іс атқарды, ал Теңге бүгінгі таңда толығымен еркін айырбасталатын валюта. Неғұрлым маңызды жаңа заңдардың бірі 1996 жылдың желтоқсанында қабылданған Валюталық реттеу жөніндегі ереже болып табылады, ол соңғы кезеңге нүкте қойды әрі шетел валютасымен және ресей рублімен халықаралық мәмілелерді жасауға мүмкіндік берді.

Зейнетақы реформасын жүргізу жалғасуда, білім беру және денсаулық сақтау секторларымен байланысты мәселелер, сондай-ақ жаңа азаматтық кодексті талқылау п р о ц е с і жү р у д е .

Бұрынғыша, Қазақстан үшін адам құқығы туралы мәселе шетін мәселе болып қалып



отыр, әйтсе де мұнда да Үкімет пен үкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы тәрізді оң ілгерілеушіліктер бар. Алайда оларды жүзеге асыруда осы кезге дейін кемшіліктер бар. Өлім жазасына кесу үкімі жойылмаса да, оны қолдану саласы азайғандығын, ал соңғы жылдары шығарылатын өлім жазасына кесу үкімдерінің саны қысқартылғанын атап өткен жөн.

Халықтың көпшілігінің әлеуметтік жағдайы ауыр күйде қалып отыр; кедейлік оқпаны соңғы жылы ең төменгі деңгейдегі тұтыну себетінің деңгейінен төмен тұрған табыс жағдайында тереңдей түсті. Еңбекақы төлеудің көп кешіктірілуі проблеманы шиеленістіре түсуде. Экономикадағы, әсіресе өндірістік сектордағы тоқыраудың Қазақстаннан қоныс аудару процесіне тікелей әсері бар. 1997 жылы елден көшіп кетуді таңдайтын адамдардың саны шамалы азайды, алайда 1998 жылы ол қайтадан көбейді, сөйтіп Қазақстаннан тағы 25000 адам қоныс аударды.

1998 жылдың негізгі саяси оқиғасы Астана қаласының мемлекеттің жаңа ел ордасы ретіндегі ресми тұсаукесері болып табылды. Орасан зор инвестициялар инфрақұрылымды: үкімет ғимараттарын, мейманханалар мен әуежайды салуға бағытталды.

### 3.2. Макроэкономикалық даму

1991 жылы тәуелсіздік алған сәтінен бастан Қазақстан барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін ортақ қиындықтар шоғырына тап болды.

Қазақ үкіметі 1992 жылы нарықтық экономикаға бағытталған бірте-бірте реформалар процесін бастады; біртіндеп қадам басу елде әлеуметтік және ұлттық тұрақтылықты сақтау мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік жікті болдырмау үшін тандалды. Құрылымдық өзгерістер осындай эволюциялық тұрғыға орай баяу бастау алып жатқанда, реформалық іс-қимылдар үкімет макроэкономикалық тұрақтандыру бағдарламасын қабылдаған 1993 жылы елеулі күшейе түсті.

Тұрақтанудың алғашқы белгілері 1995 жылы біршама қатаң монетарлық және фискальдық саясат енгізілгеннен кейін инфляция деңгейі едәуір төмендеген кезде байқала бастады.

1996 жылдың екінші жартысында ел тарихында тұңғыш рет өсу қайта қылаң берді.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы және Ресейдегі қаржы дағдарыстарына қатысты таяуда шетелді шарпып өткен есеңгіреу толқындары, сондай-ақ мұнай мен металдарға әлемдік бағалардың құлдырауы қазақ экономикасына 1998 жылдың екінші жартысында теріс әсерін тигізді. Макроэкономикалық нәтижелерге шолу жүргізгеннен кейін инфляция деңгейі 2,8%, ал жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) құлдырауы - 2,5% құрады. 1996 жылы салық жинаудың қиындықтарына қарамастан, қазақ өкімет органдары Халықаралық валюта қорымен (ХВҚ) келісілген ЖҰӨ-нің 2,8% құрайтын бюджет тапшылығының белгіленген деңгейіне шықты. 1997 жылы үкімет төленбеген зейнетақылар мен еңбекақылардың мөлшерін жедел едәуір азайту қажеттігімен бетпе-бет келді де,

бюджет тапшылығын, ХВҚ келісімімен оны ЖҰӨ-нің 4,2% деңгейіне дейін жеткізе отырып, ұлғайтуға мәжбүр болды.

Ұлттық Банктің инфляцияға қарсы көзқарасы Қазақ Теңгесінің сыртқы құндылығын тұрақтандыруға жәрдемдесті және проценттік ставкаларды төмендетті. Айырбас бағамы, 1997 жылы 1%-тен төмен өзгермелілігі мен нақ сол кезеңде Теңгенің іс жүзіндегі айырбас құндылығының ілесе артуы жағдайында, соңғы екі жылда белгіленген есебінде тұрақты болды.

1998 жылы валюта резервтерінің деңгейі көрші Ресейдегі қаржы дағдарысына қарамастан, шамамен алғанда 1,9 миллиард АҚШ долларын құрай отырып, тұрақты қалыпта болды.

Ал валютаға келсек, үкімет пен Ұлттық Банк құнсыздану болмайды деп сендірген мәлімдемелер жасады, мұның негізгі дәлелі ауқымды резервтердің шетел валютасы мен алтын түрінде сақталу фактісі болып табылды. Теңгені қорғау үшін Ұлттық Банк таяуда қайта қаржыландыру ставкасын 18,5%-тен 25%-ке дейін көтерді.

Осындай оптимистік ресми болжамдарға қарамастан, шетелдік инвесторлар сақтық танытып отыр. Ресей Қазақстанның негізгі сауда серіктесі болып табылады; рубльмен жасалған операциялар елдің шетелдік сауда айналымының тек қана 7%-ін құраса да, көлемдері бойынша Ресей Қазақстанның күллі экспортының 30%-тен астамын және оның импортының 42,5%-тін құрады. Қазақстан мен Ресей банктерінің арасындағы байланыс өте күшті. Ресми статистикалық деректерге қарағанда шамамен 80 қазақ банктерінің Ресейдегі инвестицияларының көлемі жиынтығында 600 миллион Теңге (7 миллион Еуро) құрайды.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру жөніндегі өтініші табысты ілгерілеуде, алайда егер ол белгіленген мақсатқа жетуді және 1999 жыл ішінде қабылдануды қаласа одан әрі прогресс талап етілмек.

Ресейдегі экономикалық дағдарыс 1998 жылдың неғұрлым күрделі оқиғасы болып табылды. Дағдарыс Ресей экономикасын ғана қатты кері ысырып қоймай, сол сияқты Орталық Азия республикаларына да теріс әсерін тигізді. Дағдарыс негізінен өзінің зардаптары арқылы тауарлармен сауда-саттық көлеміне және құнына, шетелдік инвестициялар ағынына, айырбас бағамының тұрақтылығына, сондай-ақ сыртқы қарызды төлеу жөніндегі міндеттемелерге әсерін тигізді әрі әсер тигізе бермек. Бұл зардаптардың күллі Орталық Азия елдерінде елеулі әлеуметтік-экономикалық маңызы болады. Қысқа мерзімді тұрғыда экономикалық өсу әлсірейді, тұрақтандыру процесіне қатер туындайды, құрылымдық реформаларға бағытталған күш-жігер кібіртіктейді, ал халықтың тіршілік-тұрмыс жағдайына теріс әсер тигізеді.

1998 жылдың бірінші жартысында Қазақстан өз саудасының үштен бірінен астамын Ресеймен жүзеге асырды. Ресей дағдарысының Қазақстанға әсері сауданың төмендеуінен мейлінше сезілді. Қазақстан елде жеткілікті түрде өндірілетін Ресей азық-түлік тауарларының көпшілігін импорттауға уақытша тыйым салды.

Қазақстанның ерекше проблемасы өз үлесіне тиген аралас нәтижеге келіп саяды: бұл - Ресей дағдарысы мен мұнайға ағымдағы бағалардың төмендігі, өйткені мұнайдан түсетін табыс мемлекеттің күллі кірісінің басым бөлігін құрайды.

### 3.3. Реформалардағы ілгерілеу

Реформалау процесі әлі өзінің аяқталуынан мүлде алыс. Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін қолға алынған экономикалық реформалаудың негізгі шаралары бағалардың көпшілігін ырықтандыруға, сондай-ақ ішкі саудаға ерік беруге келіп сайыды. Қалған реформалар соңғы жылдары баяу жылжуда: жерді жекешелендіру енді ғана басталды, ал жаппай жекешелендіру бағдарламасы, сондай-ақ шағын кәсіпорындарды жекешелендіру 1995 жылы аяқталуға таяу болса да, экономиканың кейбір секторлары толық жекешелендірілген жоқ.

Қазақстанда реформалар процесі баяу бастау алды; ол тек соңғы екі айда жеделдеді, мұның өзі өзгерістер процесін қолдауға міндеттенген халықаралық қоғамдастық тарапынан зор мақұлдауға ие болды.

Құрылымдық және ұйымдық реформалар демократиялық реформалардың нарықтық экономикалық реформалардан кенже қалуымен, біркелкі жүргізілген жоқ.

Нарықтық реформалар көптеген салаларда табысты жүзеге асырылды, дей тұрғанмен экономикалық реформалар процесі әлі де аяқтала қойған жоқ. Тәуелсіздік алғаннан кейін өмірге енгізілген экономикалық реформалар негізінен бағалар мен сауданы ырықтандыру мәселесінде шоғырландырылды. Тұтыну бағаларын ырықтандыруға негізінен қол жеткізілді, алайда коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарында екі жақты қаржыландыру сақталып отыр. Ішкі сауданың еркін режимі орнықтырылды және Қазақстан Халықаралық сауда ұйымына мүшелігі туралы келіссөздердің соңғы кезеңінде.

Шағын кәсіпорындарды жекешелендіру ресми тұрғыда 1997 жылы аяқталды, бұл ретте ақшалай аукциондар мен ваучерлер арқылы 13.000-нан астам кәсіпорын сатылды. Орташа және ірі кәсіпорындарды жекешелендіруде жедел ілгерілеуге қол жеткізілді, әйтсе де мемлекет жекешелендірілген компанияларда капиталдың қомақты үлесін ұстап қалып отыр.

Үкімет шығынды кәсіпорындарды қайта құрылымдауға жәрдемдесу жөнінде маңызды іс-қимылды қолға алды. 1998 жылы банкроттық туралы заңға оны ауыл шаруашылығы үшін қолдану мақсатында түзетулер енгізілді. 1998 жылдың ортасына қарай мемлекеттік меншікте болған 26 төлемге қабілетсіз кәсіпорын таратылды немесе сатуға қойылды. Алайда салық міндеттемелері бюджет берешектеріне жатқызылатын "өзара есептесулерді" жою жөніндегі үкіметтің күш-жігеріне қарамастан шығынды кәсіпорындар өнім беріп тұрушыларға, өз қызметкерлері мен мемлекеті бюджетке төлемдерді кешіктіруін жалғастыруда.

Коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындарын жекешелендіру энергетикалық

сектордың генерациялық қуаттарының 80 процентінен астамын жекешелендіріп әрі ұлттық телекоммуникациялық оператордың миноритарлық үлесінің көбірек бөлігін сатып, елеулі ілгерілеуге қол жеткізді. Энергия-бөлу жүйесінің қалған бөліктеріне инвесторлар тарту әрекеттері, әйтсе де, бағаны реттеудің тиісті схемасының жоқтығынан табысты болмады. 1998 жылғы шілдеде бағаларды реттеуге жауапты Монополияға қарсы комитет оны Өнеркәсіп және сауда министрлігіне бағынысты ету әрекеттерінен кейін қайтадан тәуелсіз болды.

Банк секторын нығайту жекешелендіру мен шетелдік қатысу арқылы жүзеге асты. Капиталдың толымдылығы, бірден бір борышкерді белгілеу жөнінде ережелерге сәйкес жүргізілген жетілдіру және сонымен байланысты кредиттеу бірқатар банктер мен филиалдардың бас тартуына алып келді. Бүгінгі таңда банк секторы активтерінің қомақты бөлігі жеке меншікте. Иеленуде шетелдік үлес бар жиырма банк осы банк секторы капиталының шамамен 22%-ін құрайды. Шетел капиталының банк секторына қатысу үлесіне қандай да болмасын шектеулердің жойылуы шетелдік қатысуды одан әрі ұлғайтқан тәрізді.

1997 жылғы қыркүйекте қазақ қор биржасының негізі қаланды, ол қазір де өз дамуының әлі балаң кезеңінде қалып отыр. Биржаның өз инфрақұрылымы, нормативтік құрылымы және биржаға бағалы қағаздар жіберуге әлемдік стандарттарға жуықтайтын талаптары болса да, жүргізілетін сауда-саттық көп емес, оның үстіне олар жеткілікті дәрежеде ашық емес.

1998 жылғы қаңтарда Қазақстан үкіметі реформасы төлемдер көзінен төлем жасалатын қазіргі жүйені толығымен қаржыландырылатын жүйеге өзгерту мақсатында жан-жақты зейнетақы реформасын бастады. Алайда, реформаны жүзеге асыру күрделі болып шықты, әрі әкімшілік кедергілермен де, сол сияқты зейнетақы қорлары үшін жекеменшік инвестициялар үшін тартымды мүмкіндіктерінің жоқтығы да тұсауланып отыр.

Қазіргі сәтте денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау тәрізді күллі мемлекеттік секторда бюрократиялық құрылымдарды азайтуға бағытталған елеулі шаралар қолға алынды. 1997 жылдан бері үкімет орталық атқарушы органдарды қайта құрылымдауды және бюджеттеу процесін реформалауды ілгерілетуде. Мемлекеттік қызметті реформалау жүргізілуде, ал 1998 жылдың соңында мемлекеттік қызмет реформасы саясатын тұжырымдау мақсатында Президент жанынан Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік құрылды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы ресурстары ТМД ауыл шаруашылығы күллі алқаптарының 20%-ін құрай отырып, орасан зор болып табылады. Алайда, елде ауыл шаруашылығы өндірісі төмен әрі төмендей түсуде (соңғы 5 жылда 50%-тен аса). Азық-түлікпен өзін-өзі қамсыздандыруды көбірек қамтамасыз ету әрекетінің бір бөлігі ретінде Қазақстанда шаруа қожалығы секторы мен агробизнесті жекешелендіру мақсатында ауқымды іс-қимыл қолға алынды. Мемлекеттік фермалардың 90%-нен

астамында жер пайдалану жеке меншікке берілді. Мақтаны қоса, ауыл шаруашылығы дақылдарын, өсіру елдің оңтүстігіндегі шағын фермалар мен кооперативтерде жүргізіледі, ал өңдеуші компаниялар мен дистрибьюторлар (таратушылар) елдің солтүстігінде орналасқан. Ауыл шаруашылығы өнімін бөлу жүйесі қазіргі сәтте мемлекеттік жүйеден нарық талаптарына жауап беретін жүйеге дами отырып, елеулі өзгерістерге ұшырауда. Фермаларда және олардан тыс жерлерде қайта құрылымдау, сондай-ақ өндіру мен бөлудің тиімділігін арттыру білінер-білінбес күйде қалып отыр, әрі бұрынғысынша орасан зор проблема болып табылады. 1998 жылдың астығы елдің батысындағы зор қуаңшылыққа байланысты 6,9 миллион тонна дәнді дақылмен соңғы 40 жылдағы ең нашар түсім болып шықты.

Осы секторды дамыту бұл сектордың негізінен жекешелендірілгеніне қарамастан, б а с ы м м ә с е л е б о л ы п қ а л у д а .

Басқа да жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі тәрізді Қазақстанда электр қуатын жан басына шаққанда тұтыну неғұрлым дамыған экономикалық аймақтарға қарағанда әлдеқайда жоғары болып қалып отыр.

Мұнай-газ секторы Қазақстанда неғұрлым жылдам өркендеуші сектор болып табылады. Анықталған мұнай қорлары жиынтығында 15 миллиард баррель құрайды, алайда Каспий теңізінің табанындағы ықтимал қорлар едәуір көбірек болуы мүмкін. Қазақстан қорлары шамамен 85%-і Каспий теңізінің маңында шоғырланған әрі өнімнің жартысы жер үстіндегі үш ірі кен орындарынан келіп түседі.

Айтарлықтай ауқымды инвестицияларға орай мұнай-газ өндірісі өркендеп келеді, ағымдағы жылдық өндіріс шамамен есептегенде 26 миллион тонна мұнай және 8 миллион кубометр табиғи газды құрайды. Шетелдік компаниялардың бұл секторға қ а т ы с у ы ұ л ғ а я т ү с у д е .

Қазіргі кезде Қазақстанда халықаралық рыноктарға тікелей шығатын мұнай-газ өткізу құбыры жоқ. Тасымалдау Ресей өткізгіш құбырлары арқылы және тым қымбат темір жол тасымалдарымен шектеледі. Каспий құбыр өткізу консорциумы (КҚК) жаңа құбыр салуды жоспарлауда, ол мұнайды Теңіз кен орнынан Қара теңіздегі Ресей порты Новороссийск арқылы экспорттауға мүмкіндік береді. Құрылыс басталып та кетті, жұмыстарды 2001 жылы аяқтау белгіленген.

Қазақстанда үш негізгі тазарту зауыты бар, олар елдің тәуелсіздік алған сәтінен бастап өндірілетін өнім шығарудың елеулі кемуін басынан кешті.

Заң тәртібімен 1996 және 1997 жылдары белгіленген, қоғамдық коммуналдық кәсіпорындарға қатысты нарықтық реформалар электр қуатына тарифтердің күрт өсуіне, сондай-ақ төлемдерді жинау тәртібінің жақсаруына алып келді. Энергетикалық тарифтер өнім бірлігіне қуаттың бөлінісіне жұмсалатын олардың толық өзіндік құнынан төмен белгіленсе де, төлемдерді жинаудың жақсартылған тәртібі, сондай-ақ болашақта да тарифтер бірте-бірте өсуін жалғастырады деген тұтынушылардың күтулері тұрақты энергия сақтау жүйесін дамытуға және енгізуге қуатты стимул

р е т і н д е

ә р е к е т

е т е д і .

Сондықтан осы сектордағы ел ұшырасып отырған негізгі проблемалар Қазақойл компаниясын қайта құрылымдаумен, көмір сутегілерді неғұрлым төмен баға бойынша тасымалдаумен және тазартушы зауыттарды неғұрлым тиімді пайдаланумен б а й л а н ы с т ы .

#### 4. Бағдарламаны жетілдіру және пысықтау

Осы Іс-қимыл бағдарламасы 1996-1999 жылдардағы Индикативтік бағдарлама шеңберінде жасалды, онда екі Іс-қимыл бағдарламасы әзірленген болатын. 1996-97 жылдарды қамтитын біріншісі 1997 жылдың бюджетінен алынды, ал шешім талап етілетін, 1998-99 жылдарды қамтитын екіншісі 1999 жылдың бюджетінен алынды. 1996-1999 жылдардағы Индикативтік бағдарламаға арналған стратегия Қазақстанның өтпелі кезеңдегі мұқтаждарын, Тасис тарапынан, сондай-ақ басқа да халықаралық донорлар тарапынан оған дейін көрсетілген көмекті назарға ала отырып, Қазақстан өкіметімен өткізілген талқылаулар негізінде әзірленді. Ол Тасистің Басшы комитетіне 1996 жылғы маусымда табыс етілді, кейіннен Қазақстан өкіметі мен Комиссия қызметтері арасында құжат жүзінде келісілді, 1996 жылға қарашада қол жеткізілген келісім мен Еуропа қоғамдастығына мүше елдер қабылдағаннан кейін 1997 жылға арналған Іс-қимыл бағдарламасын Тасистің Басшы комитеті 1997 жылғы мамырда бекітті.

#### 5. Басқа донорлармен үйлестіру

Бірнеше арналар бойынша басқа донорлармен үйлестіру әрекеттері қолға алынуда. Негізгі халықаралық донорлардың өкілдерімен, атап айтқанда Дүниежүзілік банк пен Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкімен, әр түрлі бағдарламалардың мақсаттары мен мазмұнына шолу жасау, сондай-ақ іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында жүйелі кездесулер өткізіліп тұрады. Мұның үстіне, Комиссия мен ЕҚ-ға мүше елдер Қазақстанға арналған тиісті көмек бағдарламалары туралы ұдайы пікірлер мен ақпарат алмасып отырады. Комиссияның Алматыдағы өкілдігі халықаралық донорлық қоғамдастықпен нақты секторлар бойынша жүйелі кездесулер өткізеді. Осындай асулар донорлар үшін тиісті басымдықтар мен бағдарламаларды мейлінше жақсы түсінуге жәрдемдесті. Қазақстан 1992 жылы мүшелігіне кірген Дүниежүзілік банк, негізінен техникалық көмек пен саяси заемдар арқылы, елге белсенді қолдау көрсетуде. 1998 жылдың басына дейін Банк жалпы сомасы 1.18 миллион АҚШ долларына тең заем операцияларын бекітті. Ең соңғы түзету мен 350 миллион АҚШ долларынан астам сомаға операциялық заемдар Мемлекеттік секторды басқаруды, Мемлекеттік қазынашылық қызметін жаңғыртуды, Мұнай кен орындарын оңалтуды, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке және сумен жабдықтауға қатысты екі пилоттық жобаны қолдау

Еуропа Банкі (ЕҚЖБ) үшін осы жылға арналған негізгі басымдықтар мыналар болып табылады: Көрсетілетін қаржылық қызметтер шағын және орташа кәсіпорындардың қазіргі қолда бар ақша қаражатын іріктеп алынған жеке меншік салалар мен банктік емес ұйымдарда акционерлік капиталдың үлесін сатып алу жолымен қолдауды жалғастыру); қайта құрылымдауды қаржыландыру арқылы жекешелендіру процесін Өнеркәсіптік және Өндірістік қолдау, Инфрақұрылым (Ақтау айлағына және темір жолды жақсарту бағдарламасы арқылы тарату желісінде жалғастырылып отырған қолдау), Энергетика және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп.

Азия Даму банкі (АДБ) осы сәтке дейін жалпы сомасы 230 миллион АҚШ доллары болатын алты кредитке келісімін берді. АДБ үшін басымдықтар мыналар болып табылады: Зейнетақы реформасы бағдарламасы, Ауыл шаруашылығын дамыту, Фермаларды қайта құрылымдау, Базалық білім беру және Жолдарды оңалту.

Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ) үкіметпен тұрақтандыру бағыты үстінде тығыз жұмыс істеуде. 1997 жылдың ортасына қарай ХВҚ-ның, 1996-98 жылдарды қамтитын Кеңейтілген кредит беру бағдарламасында жазылған барлық макроэкономикалық міндеттерге қол жеткізілді. Құрылымдық реттеу мәселелері жөнінде тығыз ынтымақтастық жалғасуда.

1999 жылғы Іс-қимыл бағдарламасын дайындау кезінде басқа донорлар, атап айтқанда Дүниежүзілік банк, ЕҚЖБ, АДБ, екі жақты бағдарламалар бойынша Еуропа қоғамдастығына мүше елдер, сондай-ақ ЮСАИД бастаған немесе көздеген бастамашылықтар ескерілді. Тұтас алғанда, Тасис жобалары мен басқа донорлардың іс-қимылдары бірін-бірі жақсы толықтырады. Мұның өзі техникалық жәрдемдесу бойынша негізгі қызмет ретіндегі Тасистің және басты халықаралық заемшылар ретіндегі Дүниежүзілік банктің, ЕҚЖБ-нің, АДБ-нің рөлінен айрықша көрінеді.

## 6. Бағдарламаның 1996-99 жылдар Индикативтік бағдарламасындағы рөлі

Тасис көмегінің жалпы мақсаты жергілікті халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын көтеру мақсатында Қазақстанда саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалдағы өзгерістерді қолдау болып табылады. Тасис қаржыландыратын қызметтің негізіне салынған басшы принцип алдыңғы Индикативтік бағдарламаға (ИБ) сәйкес Қазақстан өкіметінің макроэкономикалық және секторалдық саясатын қолдау болатын. Және бұл ИБ-нің 1996-1999 жылдарға арналған басшы принципі болып қалып отыр.

Үкіметтің ХВҚ-мен және Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастықтағы реформалар бағдарламасының негізгі мақсаттары макроэкономикалық ахуалды тұрақтандыру, өндіріс өнімін шығарудың кемуін кері бағытқа бұру, өндіріс өнімділігін жақсарту және

орта мерзімді перспективада тұрақты дамуға қол жеткізу, сондай-ақ халықтың жағдайы мүшкіл топтарын қорғау болып табылады.

Қазақстан өкіметімен келіссөздер нәтижесінде 1996-1999 жылдардағы Индикативтік бағдарлама шеңберінде Қазақстан Үкіметінің реформалар бағдарламасының негізгі желілеріне қолдау көрсететін басым салалар, Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім мен Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруді қоса, мыналар болып табылады деп шешілді: Құрылымдық және Ұйымдық реформалар, Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп, сондай-ақ Инфрақұрылымды Дамыту. Мұның өзі, егер нақты өзекті қажеттік анықталса, сондай-ақ егер осындай қызмет саяси экономикалық реформаларды жалпы ынталандыруға қосымша ретінде қаралатын болса, басқа жобаларды қолдауды жоққа шығармайды.

1996-1999 жылдардың Индикативтік бағдарламасы жобаны айқындау және жүзеге асыру әдісіне бірқатар жаңа элементтер енгізеді, оны қысқаша былайша сипаттауға болады: мақсаттардың шектеулі шоғырына көбірек назар аудару; секторлардың ішінде де, сол сияқты арасында да, Тасис жобаларында, сондай-ақ Мемлекетаралық Тасис бағдарламасымен және басқа да донорлар жобаларымен мейлінше өзара толықтырушылық пен мақсаттылыққа және де нәтижесінде, көбірек қайтарымдылыққа қол жеткізу үшін жобалардың үлкен көлбеу байланысы; жобаларды кейіннен қадағалап отыру және ұзарту неғұрлым тиімді байланыстырылып, нәтижесінде, қайтарымдылығы көбірек болуы үшін жобалардың төрт жылдық құрылым шеңбердегі ұзақтығы мен құрастырылуына көбірек назар аудару; және де ұлттық үкіметтердің тілектеріне сәйкес жобалардың мүмкіндігінше инвестицияларды атап көрсете отырып неғұрлым көрнекі және нақты нәтижелері болуға тиіс.

1999 жылғы Іс-қимыл бағдарламасы (ІБ) 1996/97 жылғы ІБ-мен басталған 1996-1999 жылдар индикативтік бағдарламасында белгіленген мақсаттардың жалғасы болып табылады. Жалпы алғанда ол үш басым бағыт бойынша 10 жобаны қамтиды. Жобалардың саны қысқарды (96/97 Іс-қимыл бағдарламасында 15), ал жобаның өміршеңдігі артты. Осының нәтижесінде нақты секторларда күш-жігердің неғұрлым ауқымды шоғырлануына және жобалардың неғұрлым тұрақты болуына қол жеткізіледі. Ағымдағы Іс-қимыл бағдарламасы шеңберінде, сондай-ақ қазақ үкіметінің тілектеріне сәйкес, жобалардың қаржылық ресурстарының 60%-не жуығы мейлінше басым салаға, Құрылымдық және Ұйымдық реформаға жұмсалады. Мемлекеттік те, сол сияқты жекеменшік секторларда да туындап келе жатқан нарықтық экономиканы қолдауды ортақ мақсаты етіп қойған ұйымдар мен мекемелерді реформалау және қайта бағдарлау ауқымды тақырып болып табылады. Оқыту/қайта оқыту арқылы басқару мен әкімшілік ету мүмкіндіктерін жанарту, сондай-ақ стратегияны тұжырымдауға консультативтік жәрдемдесу күллі реформалау процесінің міндетті шарты болып табылады. Егер басшылық дамуды жоспарлай алмаса әрі ұйымдық қолдау мен бақылау құрылымын тиісті орнына қоя білмесе, онда саяси, экономикалық әлеуметтік шиеленістің болмауы



мүмкін емес. Мемлекеттік мекемелерге бет бұру әр түрлі бес жоба бойынша жүргізіледі : мемлекеттік қызметшілерді оқыту және қайта оқыту құқықтық реформа жөніндегі жобаны жүзеге асыру арқылы; Мемлекеттік кіріс министрлігіне салықтарды басқарудағы оның ұйымдық мүмкіндіктерін дамытуға жәрдемдесу арқылы; Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттікке ақпаратты талдау мен экономикалық болжамдауда көрсетілетін қолдау арқылы; Қазақ Менеджмент, экономика және болжам институтының (КИМЭП) ұйымдық құрылымдарын жетілдіру арқылы; Экология министрлігіне қалаларда ауа кеңістігінің ластануын азайту жөніндегі экологиялық стратегияны тұжырымдауға жәрдемдесу арқылы қамтамасыз етіледі.

Екінші басым бағыт, Ауыл шаруашылығы мен Агроөнеркәсіп, бойынша қызмет ауыл шаруашылығы мен оның қосалқы функцияларына арналады. Қазақстан бұрынғыша өзінің жалпы ұлттық өнімінің 15%-ін құрайтын ауыл шаруашылығы мен оған жататын салаларға аса тәуелді, алайда сектор өткір проблемаларға тап болуда. Ең алдымен мұндай жағдай әміршіл-әкімшіл жүйе қалдырған мұраның арқасында, сондай-ақ өнім өндіруді жолға қою мен өндірілген өнімді бөлу қызметіндегі іркілістерден де орын алуда. Бастапқы ауыл шаруашылығы мен өнімді өңдеу жөніндегі қызметтер әлі қайта құрылымданбаған және соңғы жылдары инвестицияларға зәру. Көптеген фермаларды жекешелендіру нәтижесінде бірқатар өнім беріп тұрушылар үшін кредиттер тоқтатылды. Қазіргі жағдайды түзету және ауыл шаруашылығын келешекте дамытуға жәрдемдесу қажеттігін қазақ үкіметі мойындап отыр.

1997 жылғы бағдарлама кредит алуда, шаруа қожалығы техникасына қол жетімділікті жақсартуда, сондай-ақ көтерме сауда рыноктары мен маркетингтік ақпарат жүйелерін дамытуда, жекеменшік фермаларға ерекше қолдау көрсетіп, жекешелендіру элементтерін қолдады. Жаңа, ұсынылатын жоба көтерме сауда рыноктары мен маркетингтік ақпарат жүйесінің қазіргі желісіне кіріктірілетін болады әрі осы мүмкіндіктерді тиімді қазіргі заманғы нарық инфрақұрылымы мен ауылдағы жергілікті ақпараттық жүйелерге кеңейтеді.

Үшінші басым сала көлік пен энергетикаға негізгі мән бере отырып, Инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Қазақстан Каспий теңізінен Қытайға дейін , Сібірден Орталық Азияның оңтүстігіне дейін көсіліп жатқан орасан зор жазық жерде орналасқан, мұның өзі елді аймақтық сауда ағындарының табиғи торабына айналдырады. Экономикалық өмір тіршілігінің басты орталықтары осынау орасан зор жер алабында шашырай орналасқан. Экономика ауқымды дәрежеде шикізат (мұнай-газ, минералдар) экспортына, сондай-ақ көрші мемлекеттер арқылы жоғары сапалы тауарлар импортына тәуелді. Сондықтан жан-жақты қамтитын және бәсекеге қабілетті көлік желісін дамыту да Қазақстан үшін негізгі басым бағыт болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін Тасистің көлік секторындағы көмегі негізінен ТРАСЕКА жобалары арқылы, мемлекетаралық бюджет қаражатынан қамтамасыз етіліп келді, оларда Қазақстан өзінің стратегиялық орналасқан жеріне қарай негізгі серіктес

мемлекет болды. Алайда ТРАСЕКА дәлізі Қазақстан аумағының 1/3 ғана қамтиды, ал ТРАСЕКА жобасынан тыс басқа көлік жолдары елдің экономикалық дамуы үшін т е н д е й д ә р е ж е д е м а ң ы з д ы .

Жана, ұсынылатын жоба алдыңғы ТРАСЕКА жобалардың жетістіктерін кеңейтеді әрі әкімшілік және кеден рәсімдерін жаңартуға қосымша үлес енгізу жолымен, тасымалдау ережелері мен тариф саясатын жақсартудағы көмекпен, көлік жылдамдығы параметрлерін әзірлеумен, өнеркәсіп, мұнай-газ, өндіруші аймақтарда, ел экспорты үшін зор стратегиялық маңызы бар жерлерде көлік магистральдарындағы қозғалысты болжаумен, транзиттік мүмкіндіктерді жетілдіретін іргелі жобалардың Техника-экономикалық, негіздемелерін даярлаумен Қазақстанның көлік дәліздерінің бәсекелестігін арттыруға бағытталады.

Мұнай-газ ресурстарына келсек, Қазақстан INOGATE (Иногейт - Еуропаға мұнай мен газды тасымалдау жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама) бағдарламасының мүшесі болып табылады, оның мақсаты негізінен жұмыс істеп тұрған желіні қалпына келтіру үшін аса қажетті инвестицияларды тартуға көмек, сондай-ақ өткізгіш құбырдың жаңа бағыттарын енгізу болып табылады. Газ желісі жеке меншік компаниялардың басқаруында болғандықтан, Қазақстан бұл шағын секторда өзі үшін ешқандай пайдаға ие болған жоқ. Алайда мұнай желісіне және сауданы жақсартуға келгенде, Қазақстан желіні аудиттеу жөніндегі Иногейт жобаларына қатысып, мемлекетаралық мұнай-газ желісінің ұйымдық шеңбері жөніндегі Иногейт Қамтушы (Зонтичное) келісіміне алдын а л а қ о л қ о й д ы .

Мемлекетаралық қызметпен қатар қазақ секторын қайта құрылымдау бұрынғыша Тасис қолдауы басымдықтарына кіреді. Қазақойл компаниясының мұнай-газ секторындағы мынадай мүмкіндіктерін: мұнай мен мұнай өнімдерінің сапасын бақылау , сертификаттау, ОФ-шорлық операциялар үшін қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау рәсімдерін жүргізу тәрізді бақылаушы рөлін нығайтуға бағытталған жоба өзіне нені қамтиды. Көмек Каспий теңізінің қазақстандық су секторындағы мұнай-газ ресурстарын игеру перспективасында ерекше орынды бола түседі.

Қазақстан Республикасының экологиясындағы күрделі жағдайға орай және Тасистің қолданылып жүрген Ережесіне байланысты ұсынылатын жобалар дизайны мен оларды жүзеге асыруда қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тиісті назар аудару е р е к ш е м а ң ы з д ы .

## 7. Бағдарлама компоненттері

1999 жылға арналған техникалық көмек беру жөніндегі Іс-қимыл бағдарламасы өз назарын үш басым бағытқа шоғырландырады, атап айтқанда: Құрылымдық және Ұйымдық реформа, Ауыл шаруашылығы мен Агроөнеркәсіп, сол сияқты Инфрақұрылымды дамыту, әсіресе көлік және энергетикаға қатысты. Бұған қоса,

Ұлттық Индикативтік бағдарламалар арқылы бірқатар қаржыландыру тетіктері бар, олар Іс-қимыл бағдарламасының негізгі жобаларына қосымша тәсілдермен Тасис бағдарламасының мақсатына қол жеткізу үшін жұмылдырылуы мүмкін.

### 7.1. Құрылымдық және Ұйымдық реформа

Бірінші кезекті басымдықтар ішінде - Құрылымдық және Ұйымдық реформа, ұйымдар мен мекемелерді реформалау және туындап келе жатқан нарықтық экономиканы қолдау жағына қайта бағдарлау ауқымды тақырып болып табылады. Жоба өзгерістер процесі үшін маңызды мынадай: құқықтық реформа, статистика реформасы, салық басқару реформасы, макроэкономикалық саясат, жоғары оқу орындарын реформалау, өнеркәсіптік бәсекелестік, қоршаған ортаны қорғау тәрізді с а л а л а р ғ а а р н а л ғ а н .

- Қазақстан инфляция қарқынын ауыздықтау, тапшылықты бақылауға келтіру, сондай-ақ ырықтандыру мен жекешелендіруді басты назарда ұстайтын жүйелі реформаларды енгізу арқылы тұрақты макроэкономикалық құрылымды қамтамасыз етуге өз күш-жігерін шоғырландырды. Жұмыс істеп тұрған құқықтық құрылымның кемшіндігін ұғына отырып үкімет Құқықтық реформа жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны мақұлдады. Ұсынылған жобаның негізгі мақсаты мыналар болып табылады: (1) заң жобаларын жазу саласында техникалық консультациялар беру, сондай-ақ нарықтық реформаларға қатысты заңдарды даярлау жолымен, нарықтық оқу заң жүйесін дамытуды қолдаумен, заң ақпаратына қол жеткізуді жеңілдетумен және соттардың әкімшілік қызметшілері мен судьяларды оқыту жолымен нарықтық экономиканың жұмыс істеуіне байланысты салаларда нормативтік-құқықтық, жүйе мен ұ й ы м д а р д ы н ы ғ а й т у .

- Серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім (СЖЫК), егер ЕҚ-ның бәсекелестік туралы ережелеріне қайшылықтар болмаса, Қазақстанның өз өнеркәсібін қайта құрылымдау және дамыту жөнінде қолға алып отырған іс-қимылына, Қоғамдастықтың қатысуын ілгерілетуге бағытталған өнеркәсіптік ынтымақтастыққа жәрдемдесуді қамтамасыз етеді. Қазақ экономикасының ырықтандырылуы мен сыртқы сауда үшін ашылуы ұлттық рынокта және ТМД рыноктарындағы өндірістің кемшіліктерін көрсетті. Ұсынылатын жоба (2) кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға сәйкес дамуына, сондай-ақ, ұлттық және әлемдік нарықтарда неғұрлым күшті бәсекелестік ету мүмкіндігін береді.

- Ақпарат жинау, экономикалық талдау және болжамдау Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттік құзырында болып табылады. Осы Агенттік әлеуметтік, экономикалық және аймақтық даму жөніндегі Индикативтік жоспарларды даярлау үшін, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын даярлау үшін жауапты. Ұсынылатын жоба (3) Агенттік қызметкерлерінің макроэкономикалық модельдеу және болжамдау әдістемелерін пайдалану саласындағы дағдыларын жетілдіруге тиіс.

- Қазіргі заманғы басқару дағдылары мен халықаралық деңгейдегі білім-білікке оқытып-үйрету жолымен бизнес және мемлекеттік қызмет саласында басшыларды қалыптастыру қажеттігін ұғына отырып, мемлекет президент жарлығымен 1992 жылы Қазақ менеджмент, экономика және болжам институтын құрды. 1993 жылы Тасис КИМЭП-те Бизнес-Әкімшілік ету магистратурасы (БӘМ) бағдарламасына қолдау көрсете бастады (4).

Соңғы бірнеше жыл ішінде студенттер мен жаңа бағдарламалар саны едәуір артты. Халықаралық донорлар қоғамдастығының КИМЭП-ке қолдауы осы оқу орнының Орталық Азиядағы үздік экономикалық мектептердің бірі ретінде танылуына өз үлесін қосты.

Бүгінгі таңда туындаған негізгі проблема экономикалық дербестік пен орнықтылыққа қол жеткізу, шетелдік оқытушылар құрамын сапасы қарайлас жергіліктілермен алмастыру, сондай-ақ барлық әкімшілік шығындарды жабу үшін жеткілікті табыс көзін табу болып табылады. Ұсынылатын жоба КИМЭП-тің Еуропалық бизнес мектептерінің желісіне кірігуін нығайтуға, оның жалпы сапасын жақсартуға, сондай-ақ оның экономикалық дербестігін, орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруге тиіс.

- Қазақстанның негізгі экологиялық проблемалары су ресурстарының ластануымен, ауаның ластануымен, радиоактивтік ластанумен байланысты. Мемлекет мұнай және газ ресурстарын тиімсіз пайдаланудан, сондай-ақ Семей облысының радиоактивтік ластануынан зардап шегіп отыр.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Тасисті қоса алғанда, халықаралық донорлар қоғамдастығының қолдауымен тұрақты даму жөніндегі Ұлттық экологиялық іс-қимыл бағдарламасын әзірледі. Экологиялық проблемалар талданып, мынадай өлшемдерге сәйкес: денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және экономикалық даму - басым проблемалар ретінде атап көрсетілді.

Жол көлігі санының барған сайын артып келе жатқан өсуі елдің экологиялық проблемаларының ұлғаюына әсер етіп отыр. Айрықша бұл Алматы және Шымкент тәрізді үлкен қалаларда орын алуда, онда ауа ластануының 70%-тен астамы көлік құралдарының қалдық газдарымен байланысты, мұның өзі халықтың денсаулығына өте нашар әсер етуде. Статистика тыныс жолдары сырқаттары мен рақтың жылдам өсуін көрсетіп отыр. Оның сапасын жақсартуға, көлік қалдық газдарының деңгейін төмендетуге, сондай-ақ қоғамдық экологиялық сананы (5) жақсартуға бағытталған шаралар қажет, олар экология және көлік саясаты стратегиясын дамытуды қолдау жолымен ауаның ластануына байланысты ахуалды жақсарту жөніндегі негізгі мәселелерді қамтиды.

Алматы қаласында ластанудың жұртшылық денсаулығына теріс әсерін төмендетуге бағытталған шаралар бойынша пилоттық іс-қимыл өткізіледі.

- Мемлекеттік кіріс министрлігі президент жарлығымен 1998 жылғы қарашада

құрылды. Жаңа министрліктің негізгі міндеті салықтарды басқару болып табылады. Ұсынылатын жоба (6) Мемлекеттік кіріс министрлігінің салықтарды жинау мен басқарудағы ұйымдық мүмкіндіктерін, оның функционалдық құрылымын әзірлеу салық қызметшілерінің біліктілігі мен дағдыларын арттыру әрі салық төлеушілер үшін неғұрлым қарапайым және әділетті рәсімдер ұсыну жолымен нығайтуға бағытталады.

## 7.2. Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп

Ауыл шаруашылығы Қазақстанда ауылдық жерде 2 миллионнан астам үй шаруашылығын қолдай отырып және 1995 жылғы ішкі ұлттық өнімнің шамамен 15%-ін енгізе отырып, маңызды рөл атқарады. Бұл сан 1986-1990 жылдармен салыстырғанда 25%-тен төмендеп кетті және де, бәлкім, таяуда жекешелендірілген кейбір фермалардың үлесін жете бағаламайды. 1995 жылы 194 миллион гектар жер ауыл шаруашылығы мұқтажына арналған болатын, олардың тек 16%-і ғана егістік жерлер санатына жатады. Жерді өңдеу қысқа мерзімді өсіру маусымымен, бұл 125-175 күн, сондай-ақ сирек әрі ретсіз жаңбырлармен шектеледі. Осындай кедергілерге қарамастан, сектор отбасылық тұтыну үшін негізгі тамақ өнімдерінің едәуір бөлігін беріп тұрады, импорт негізінен шай, кофе, зәйтүн тұқымдарымен және қантпен шектеледі.

Жер реформасы және фермаларды қайта құрылымдау үкімет тарапынан назарға ілікті, алайда шын мәнісінде жекеменшік фермалармен қамтылған аумақ шағын болып қалып отыр. Ауыл шаруашылығы жерлерінің көпшілік бөлігі (75%), әдетте, бұрынғы бастықтардың басшылығымен өндіру мен сатудың жекеменшік жүйесі-міс дегенді пайдаланып, бұрынғы мемлекеттік секторда қалып отыр. Жерді шын мәнінде жекешелендіруден өзге, оны пайдалану аймақтық деңгейде экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлармен шектеледі. Облыстық деңгейдегі бастамашылықтар арқылы одан әрі серпін алмаса, фермаларды қайта құрылымдау процесі тоқтап қалу қаупі бар. Осы, басымдылығы жөнінен екінші, саладағы Тасистің көмегі негізінен жекеменшік фермерлік сектордың дамуында өзекті болып табылатын мәселеге арналады, атап айтқанда: тиімді ауыл шаруашылығы маркетингтік инфрақұрылымын құру.

Жетілдірілген маркетинг жүйесінің мәні фермерлік ресурстарды бөлуде және тұтынушылардың мұқтаждарын қанағаттандыруда сатып-алуға берілген тапсырыстардың емес, бағаның айқындаушы факторға айналуында болып табылады. Маркетинг тізбегінің әрбір буынында нағыз бәсекелестік болуға тиіс. Көп арналы маркетингтік жүйені дамыту, бағалардың ашықтығын қамтамасыз ететін ақпараттық нарық жүйесімен бірге бәсекелес бағаларды қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді тәсілі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өнімін бөлу жүйесі қазіргі сәтте, мемлекеттік жүйеден нарық мұқтаждарына жауап беретіндей жүйеге дами отырып, елеулі өзгерістерге ұшырау үстінде.

Ұсынылатын ауыл шаруашылығы маркетингтік жобасы (7) Ауыл шаруашылығы министрлігіне және облыстық департаменттеріне ауыл шаруашылығы рыногының

қолайлы инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі және көтерме сауда рыноктарында әзірленген бастамашылықтар мен нарықтық ақпарат үшін қосымша әрі тірек ретінде қызмет ететін болады.

### 7.3. Инфрақұрылымды дамыту

1996-1999 жылдардың Индикативтік бағдарламасында айқындалған үшінші басым сала Инфрақұрылымды, атап айтқанда энергетика мен көлікті дамыту болып табылады.

- Қазақстанның стратегиялық орналасқан жері оның кең байтақ кеңістігін аймақтағы сауда үшін табиғи торапқа айналдырады. Іскерлік экономикалық белсенділіктің негізгі орталықтары күллі орасан зор аумақ бойынша шашырай орналасқан. Ел экономикасы шикізат (мұнай, газ, минералдық ресурстар) экспортына және көрші мемлекеттер аумағы арқылы жоғары сапалы тауарлар импортына аса тәуелді. Тиімді көлік жүйесі, сонымен, елдің экономикалық дамуы үшін аса қажет болады.

Бүгінгі күнге дейін Тасистің көлік секторындағы жәрдемі негізінен ТРАСЕКА жобалары арқылы қамтамасыз етіліп келді, онда Қазақстан өзінің стратегиялық орын тепкен жеріне орай негізгі серіктес мемлекет болды. Алайда, ТРАСЕКА дәлізі Қазақстан аумағының 1/3 ғана қамтиды, ал ТРАСЕКА жобасынан тыс қалған көлік жолдары елдің экономикалық дамуы үшін теңдей дәрежеде маңызды.

Жаңа, ұсынылатын жоба алдыңғы ТРАСЕКА жобаларының жетістіктерін кеңейтеді әрі әкімшілік және кеден рәсімдерін жаңартуға қосымша үлес енгізу жолымен, тасымалдау ережелері мен тариф саясатын жақсартудағы көмекпен, көлік жылдамдығы параметрлерін әзірлеумен, өнеркәсіп, мұнай-газ, шикізат өндіру аймақтарында, ел экспорты үшін зор стратегиялық маңызы бар жерлерде көлік магистральдарындағы қозғалысты болжаумен, транзиттік мүмкіндіктерді жетілдіретін іргелі жобалардың Техника-экономикалық негіздемелерін даярлаумен Қазақстанның көлік дәліздерінің бәсекелестігін арттыруға бағытталады.

- Қазақстанның мұнай-газ секторы Қазақойл компаниясына ұлттық мұнай-газ компаниясы дәстүрлі рөлі беріле отырып, 1997 жылы қайта құрылымданған болатын. Таяуда ғана, мұнай тасымалдарымен айналысатын екінші компания Қазақойлды халықаралық интеграцияланған компанияға өзгерте отырып, оған қосылды.

Қазақойл оның мұнай-газ секторындағы байқаушы рөліне көмек беруге бағытталған 1996 жылғы Тасис жобасының алушысы болып табылады, мұның өзі мемлекеттік құрылымдарға жұмыс істеп тұрған мұнай-газ компаниялары алатын ақпаратты сақтауға және сұратуға мүмкіндік беретін пилоттық деректер базасын жасады, сондай-ақ жобаны дамытудағы оның мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған элементті қамтиды, бұған қоса, мұнда бұрғылаудың алдыңғы қатарлы тәсілдеріне үйрету элементі де кіреді.

Жаңа, жобалық ұсыныс (9) мемлекеттік құрылымдардың бақылаушы рөлін атқару, мынадай: мұнай мен мұнай өнімдерінің сапасын тәуелсіз бақылау және оларды сертификаттау, офф-шорлық қызметінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау рәсімдерін алға апару, сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялар саласында білім-білікті беру тәрізді мұнай-газ секторының әрі дамуы үшін өміршең қажетті басқа да мәселелерге бет бұру қабілетін одан әрі қарай күшейтуге бағыттталатын болады.

#### 7 . 4 . Б и с т р о

Бистро бағдарламасына Алматыдағы Еуропа Комиссиясының өкілдігі басшылық жасайды. Ол 100.000 Еуроға дейінгі шағын жобаларды қаржыландыруға арналған. Оның негізгі мақсаты: жергілікті жерлерден алынған ақпарат көп үміт күттіретін шағын жобаларды көрсеткен кезде жылдам әрі икемді іс-қимыл жасай отырып, Тасис бағдарламасын толықтыру; техникалық көмек жобалары үшін таратуға немесе Тасистің негізгі жобаларына көшіру мүмкін болатын

үміт күттіретін ұсыныстарды шағын ауқымда, жергілікті жерде тексеру; және де ірі халықаралық көмек бағдарламаларына шығу оңайға түспейтін серіктес ұйымдардың барлық түрлері үшін қол жетімді болу.

#### 7.5. Шағын жобалар бағдарламасы

Қазақстан бұрынғыша шағын жобалар бағдарламаларының көпшілігіне қатысатын болады.

#### 8. Бағдарламаны жүзеге асыру

Ұсынылатын қадамдарды жүзеге асыруды 1999 жылы бастаған жөн. Бағдарламаны енгізу, мүмкін болғанынша, ЕҚ жекеменшік және мемлекеттік операторларын олардың қазақстандық серіктестерімен немесе арнаулы институттарымен, қоғамдық пайдалану кәсіпорындармен, қорлармен және т.б. байланыстырады. Жобаны жүзеге асырумен айналысатын ЕҚ ұйымдарының жұмысы қазақстандық серіктес кәсіпорындармен және мекемелермен бірге әрі солар арқылы көтермеленетін болады. Бағдарламаны ЕҚ Комиссиясы мен Қазақстан өкімет органдары, көмекті ақырғы алушылар, сондай-ақ жалдаушы компаниялар мен мекемелер жүзеге асырады. Контрактілер Тасис ережелеріне сәйкес тапсырылады.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру, мұның өзі келісім жасасу дегенді білдіреді, 2002 ж. 31.12 аяқталуға тиіс. Төлемдер 2003 ж. 31.12 дейін тәртіпке келтірілуге тиіс. Бағдарламаға сыртқы байланыстар жөніндегі қоғамдық қызмет 1А Бас Директоратымен тығыз байланысты ынтымақтастықта басшылық жасайтын болады.

#### Бағалау және Мониторинг

Әдеттегі қадағалауға және егер қажеттік болса, жергілікті жерде өткізілетін





10. Шығындар сметасы мен қаржыландыру		М Еуро
А. Кәсіпорындарды қолдау	8.8	
1. Құқықтық реформаны жүзеге асыруға жәрдемдесу		1.0
2. Өнеркәсіптік бәсекелеске жәрдемдесу	1.0	
3. Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттікті қолдау		1.0
4. КИМЭП-тің ұйымдық дамуына жәрдемдесу		2.3
5. Экология министрлігіне жәрдемдесу	1.0	
6. Мемлекеттік кіріс министрлігіне ұйымдық жәрдемдесу		2.5
Б. Тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу және бөлу	2.0	
7. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау		2.0
С. Көлік және телекоммуникациялар	2.0	
8. Транзиттік дәліздер саясатын әзірлеу	2.0	
Д. Энергетика	2.0	
9. Қазақойл компаниясын қолдау		2.0
Е. Бистро	0.85	
Ф. Резервтер	1.00	
Жиыны	16.65	

Бұған қоса, Қазақстан (SPP&ATA) бағдарламаларына қатысудан өзіне пайда алады. Бұл жеке қаржылық ұсыныста баяндалатын болады. Тұтас алғанда 7.35 миллион Еуро мынадай салаларға бөлінді:

1. Темпус	2.0	
2. Стратегия тұжырымдауға консультативтік жәрдемдесу		2.5*
бағдарламасы		
3. Кеден	0.5	
4. Статистика	1.5	
5. Лиен	0.3	
6. Менеджменттің тиімділігін арттыру бағдарламасы		0,3
7. Қалалардың бауырласуы		0.2
8. АТА тетігі	0.05	
Барлығы	7.35	

\*("Қазақстанның экономикалық үрдістері" журналының жарияланымдарын қоса)

## ТАСИС-тің алушы-елдерінің тізімі

Армения,  
Әзірбайжан,  
Беларусь,  
Грузия,  
Қазақстан,  
Қырғызстан,  
Молдова,  
Ресей Федерациясы,  
Тәжікстан,  
Түркменстан,  
Өзбекстан,  
Монғолия.

## II қосымша

## ФАРЕ-нің алушы-елдерінің тізімі

Албания,  
Болгария,  
Венгрия,  
Латвия,  
Литва,  
Польша,  
Румыния,  
Словакия,  
Словения,  
Чех Республикасы,  
Эстония.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА  
ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

Бұдан әрі "КОМИССИЯ" деп аталатын, Еуропалық қоғамдастықтар Комиссиясы бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық экономикалық қоғамдастығы үшін және оның атынан әрекет ете отырып бір тараптан, және

Бұдан әрі "ҮКІМЕТ" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы үшін және оның атынан әрекет ете отырып басқа тараптан, бірге "Келісуші тараптар" деп аталатын.

Қазақстан Республикасының Қоғамдастық Кеңесінің 1991 жылғы 15 шілдедегі N 2157/91 және 1993 жылғы 19 шілдедегі N 2053/93 нұсқаулығында көрсетілгендей Қоғамдастықтың Техникалық көмек көрсету бағдарламасы бойынша ШАРАЛАР түрінде көмек алатын ел болып табылатындығы ескеріліп.

Қоғамдастықтың Техникалық көмек көрсету бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасында қаржыландырылатын ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыру үшін жалпы техникалық заңдық және әкімшілік қағидалардың бекітілуі керектігі ескеріліп.

## МЫНАЛАР ЖӨНІНДЕ КЕЛІСТІ:

### 1 - Б А П

Келісуші тараптар арасындағы ынтымақтастыққа көмек көрсету үшін, Қазақстан Республикасындағы экономикалық және әлеуметтік процесті ұстап тұру мақсатында Келісуші тараптар жоғарыда аталған нұсқаулықта көрсетілгендей, Қаржыландыру туралы меморандумға қолданылатын осы Жалпы қағидалармен бекітілген, техникалық, заңдық және әкімшілік құрылымдардың шеңберінде қаржыландырылатын және іс жүзінде жүргізілетін ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыруға келісті. ШАРАЛАРДЫҢ (немесе ШАРАЛАР жиынтығының) жекелеген бөлшектері Келісуші тараптар қабылдауға тиісті Қаржыландыру туралы меморандумда (бұдан әрі "Қаржыландыру туралы меморандум" деп аталады) баяндалады.

Келісуші тараптар барлық ШАРАЛАРДЫҢ тиісті түрде орындалуы үшін барлық қажетті қадамдарды жасайды.

Келісуші тараптар өзара келісім бойынша жекелеген шараны оның тиімді жүзеге асырылуы үшін түрлендіре алады. Осындай түрлендіру:

а) бағдарламаның әртүрлі сандық компоненттерін бөлудегі Қаржыландыру туралы меморандумның құндар бойынша бөліністе көрсетілген соманың 15% аспайтындай, өзгеріске;

б) бағдарламаның мазмұнын және техникалық элементтерін елеулі түрде өзгерту жолымен бастапқыда айқындаған шарттар бойынша бағдарламаны орындауға ықпал

## 2 - Б А П

Қаржыландыру туралы меморандумға қолданылатын осы Жалпы қағидалармен қамтылған әрбір ШАРА осы құжаттың қосымшасында баяндалған, әрбір Қаржыландыру туралы меморандумға енгізу жобаланатын жалпы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржыландыру туралы меморандум ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда осы Жалпы қағидаларды түрлендіре және толықтыра алады.

## 3 - Б А П

Осы Жалпы қағидалардың шарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы және көмек алған, бірақ өзінің мәні бойынша жекелеген Қаржыландыру туралы меморандуммен қамтылмаған басқа елдер үшін мүдде білдіретін, аймақтағы мемлекетаралық ШАРАЛАРДЫ қоса отырып Қоғамдастықтың техникалық көмек көрсету бағдарламасы бойынша қаржыландырылатын ШАРАЛАРҒА қолданылады.

## 4 - Б А П

Осы Жалпы қағидалар бойынша қаржыландырылатын ШАРАЛАРҒА қатысты мәселелер үшін Комиссия өзінің Қазақстан Республикасының аккредитивтелген (егер ол бар болса), Комиссия атынан және Қазақстан Республикасының тиісті билік органдарымен тығыз ынтымақтастықта ШАРАЛАРДЫ заңды қаржылық және техникалық басқару практикасына сәйкес жүзеге асыруды қамтамасыз ететін

өкілдігіне ұсыныс жолдай алады.

## 5-БАП

Осы Жалпы қағидаларға қатысты кез келген дау осы Жалпы қағидалардың мақсатын назарға ала отырып мәселені шешу үшін барлық ықтимал күштер тиісті түрде салатын Келісуші тараптар арасындағы консультациялардың нысанасы болып табылады.

## 6-БАП

Осы Жалпы қағидалар оларға екі тарап та қол қойған күні күшіне енеді.

Олар Қоғамдастық Кеңесінің 1991 жылғы 15 шілдедегі N 2157/91 және 1993 жылғы 19 шілдедегі N 2053/93 нұсқаулығында көрсетілгендей Қоғамдастықтың Техникалық

көмек көрсету бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын барлық шараларға қолданылады.

## 7-БАП

Қаржыландыру туралы меморандумға қолданылатын осы Жалпы қағидалар Еуропалық экономикалық қоғамдастық және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы 1991 жылғы 2 тамызда қол қойған Хаттаманы ауыстырады және жояды. Брюссельде 4.2.1994 ж., түпнұсқалары ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық көшірмелерінде жасалды, әрбір мәтіннің бірдей күші бар.

ЕУРОПАЛЫҚ

ҚАЗАҚСТАН

ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

КОМИССИЯСЫ

Еуропалық, қоғамдастықтар

Қазақстан Республикасы Премьер-

Комиссиясының вице-президенті

министрінің Бірінші орынбасары

15.12.1993

## ҚОСЫМША

### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### I ТАРАУ - ШАРАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

##### 1-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖОБАЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАРАЖАТ БӨЛУІ

Мөлшері әрбір Қаржыландыру туралы меморандумда белгіленетін, бұдан әрі "ЕЭҚ-тың субсидиясы" деп аталатын Қоғамдастықтың жобаланған қаржылық қаражат бөлуі тиісті түрде бекітілген келісім-шарттардың немесе жұмыс бағдарламаларының негізінде салымдар шегін және төлемдерді жүзеге асыруды айқындайды.

#### 2 - Б А П - Т Ө Л Е М Д Е Р

1. Төлемдерді Комиссия тікелей мердігерге немесе жұмыс бағдарламасының негізінде нысандылықтар орындалған жағдайда арнайы жоба үшін арналған, мердігерлер Комиссия немесе Комиссияның қадағалауымен ШАРАЛАРДЫ орындауға

жауапты ұйымның атынан төлем жүргізілетін банктік шотқа аванс нысанында төлеуді жүргізеді.

Әрбір ретте, ШАРА жұмыс бағдарламасының негізінде жүзеге асырылған кезде, шотқа аванстың төлемдер жасау қолдай ақша қозғалысының тиісті жоспарларына негізделе отырып жүргізіледі.

Келісім-шарттар стандартты келісім-шарттар және Еуропалық қоғамдастықтар Комиссиясы қолданатын келісім-шарттарға арналған жалпы ережелер сияқты халықаралық үлгілерге сәйкес болады.

## II ТАРАУ - МАТЕРИАЛДЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ

### 3 - БАП - ЖАЛПЫ

Техникалық ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарттар және жеткізу жөніндегі келісім-шарттар жасау үшін қолданылуға тиісті рәсім төменде тұжырымдалған принциптерге сүйене отырып Қаржыландыру туралы меморандумда белгіленеді.

### 4 - БАП - БАСТАУ

КОМИССИЯ рұқсат еткен жекелеген жағдайларды қоспағанда келісім-шарттарды орындау үшін талап етілетін материалдар, ресурстар және қызмет көрсетулер Қоғамдастықтан немесе 1991 жылғы 15 шілдедегі N 2157/91 және 1993 жылғы 19 шілдедегі N 2053/93 нұсқаулықтарда көрсетілген бенефициарий-елдерден шығу керек. Бенефициарий-елдердің осы келісімге қол қою сәтіне жасалған тізімі қоса берілді.

Жекелеген жағдайларда және Комиссияның айрықша ұйғарымымен бастау PHARE бағдарламасының бенефициарий-елдеріне, жерорта теңіз елдеріне дейін және бірлесіп қаржыландырған жағдайда іске қатысты басқа үшінші елдерге дейін кеңейтілуі мүмкін. PHARE бағдарламасының бенефициарий-елдерінің осы келісімге қол қою сәтіне тізімі қоса берілді.

Біртекті немесе әртүрлі ұлттық тектен шыққан фирмалар арасындағы топтастыру, консорциум және субмердігерліктер туралы келісімдер осы бастау қағидаларының ықпалында болады.

### 5-БАП - СТАНДАРТТЫ РӘСІМДЕРДЕН БАС ТАРТУ

Мәселенің кідіріссіздігі немесе ШАРАЛАРДЫҢ мәні, екінші кезектегі маңыздылығы немесе ерекше сипаттарының (мысалы, екі кезенді қаржыландыру операциясы, көп желілі операциялар, жекелеген техникалық ерекшеліктер және т.б.) себептері бойынша ақталудың қайда екендігі түсіндірілген жағдайларда КОМИССИЯ

ерекшеліктер

ретінде:

- жобалар байқауы туралы шектеулі хабарландырудан кейін жеткізім жөніндегі келісім-шарттарды орналастыруға;

- тікелей келісімдермен келісім-шарттар жасауға рұқсат бере алады.

## 6-БАП - ЖЕТКІЗІМДЕР ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ ШАРТТАРҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

5-баптың шарттары бойынша жеткізілімдер жөніндегі келісім-шарттарға қатысу үшін тең жағдайларға кепілдік беріледі, оның ішінде қолайлы уақытта жобалар байқауына қатысуға шағырылымдар жариялау арқылы. Қоғамдастықтың хабарландыруы, әдетте, Еуропалық қоғамдастықтарында Ресми журналында және тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасы және басқа мүдделі елдер үшін жарияланады.

## 7-БАП - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР ҰСЫНУ

КОМИССИЯ әрбір операция үшін таңдалған ұсыныстың экономикалық аса тиімді, әсіресе өтінім берушілер ұсынған біліктіліктер мен кепілдіктер, жеткізілімдер мен қызмет көрсетулердің шығындары және сапасы, жүзеге асыруға арналған сипат пен шарттар, пайдаға асыру мен техникалық құндылықтар шығындар көзқарасымен қарағанда, болып табылатындығына кепілдік береді.

Жеткізілімдер бойынша келісім-шарттар жобалары байқауының нәтижелері Қоғамдастықтың Ресми журналында жарияланады.

## 8-БАП - ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ-ШАРТТАР

1. Техникалық көмек көрсету жөніндегі келісім-шарттар, әдетте, жобалар байқауы туралы шектеулі хабарландырудың артын ала немесе бұл Қоғамдастықтың жалпы бюджетіне қолданылатын қаржылық нұсқаулыққа сәйкес тікелей келісім рәсімі арқылы техникалық, экономикалық немесе қаржылық себептермен ақталған кезде жасалады.

2. Контрактілерді не КОМИССИЯ не бұл Қаржыландыру туралы меморандумда көзделген кезде көмек алушы немесе оның атынан әрекет ететін заңды тұлға КОМИССИЯ немесе оның Қазақстан Республикасындағы аккредитивтелген өкілі, егер осындай бар болса, бекіткеннен кейін құрайды, талқылайды және жасайды.

3. Жобалар байқауы туралы шектеулі хабарландыру шеңберінде КОМИССИЯ немесе бұл Қаржыландыру туралы меморандумда көзделген кезде Комиссияның рұқсатымен көмек алушы немесе оның атынан әрекет ететін заңды тұлға қатысуға шақырылатын әлеуетті мердігерлердің түпкілікті тізімін даярлайды.

4. Тікелей келісім рәсімінің шеңберінде КОМИССИЯ немесе бұл Қаржыландыру туралы меморандумда көзделген кезде Комиссияның рұқсатымен көмек алушы немесе оның атынан әрекет ететін заңды тұлға кандидатты таңдайды және келісім-шартты ж а с а й д ы .

### III ТАРАУ - ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ

#### 9-БАП - ЖАЛПЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Комиссия қаржыландыратын ШАРАЛАРДА жұмыс істейтін қызметкерлер іссапардағы сарапшылар мәртебесін алады және ҮКІМЕТ осы мақсат үшін Қазақстан Республикасына келген осы сарапшыларға және олардың отбасыларына Қазақстан Республикасында қызмет көрсетулері осындай немесе осыған ұқсас мақсаттар үшін талап етілетін басқа экспатрианттардан кем емес құқықтар мен артықшылықтар береді.

#### 10-БАП - БЕКІТУ, ОРНАЛАСТЫРУ, КЕЛУ ЖӘНЕ ТҰРУ МҮМКІНДІГІ

Жеткізілімдер және қызмет көрсетулер бойынша келісім-шарттар жасалған жағдайда келісім-шарттарға қатысуға мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасына келуге және келісім-шарттың маңыздылығын талап етсе уақытша орналасуға және тұруға құқық алады. Бұл құқық тек келісім-шарт туралы қалай хабарланғаннан немесе жобалар байқауына қатысуға шақыру жарияланғаннан және келісім-шартты даярлау үшін зерттеулер жүргізетін қызметкерлер қарағаннан кейін ғана алынады: ол өз күшін мердігер аталған соң бір айдан кейін жояды.

ҮКІМЕТ, 9-бапта көрсетілгендей, Қоғамдастық қаржыландыратын қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттармен жұмыс істейтін қызметкерлерге және олардың отбасыларына бірнеше дүркін қолданылатын визалар береді және визалардың Қазақстан Республикасының қолданылу мерзімдерінің ұзартылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ҮКІМЕТ жоғарыда аталған іссапардағы сарапшыларға келісім-шарттың сипаты талап еткен кезден бастап және оны орындау үшін қажетті кезеңнің шегінде және Қазақстан Республнкасының тиісті заңдары мен қағидаларына сәйкес тұруға рұқсат алуға, онда жұмыс істеуге және ол жерден шығып кетуге рұқсат береді.

Сарапшылардың келуіне орай ҮКІМЕТ оларға және олардың отбасыларына РЕСПУБЛИКАНЫҢ барлық аумағында еркін орын ауыстыруға және кез келген қалада қандай да болмасын қосымша арнайы рұқсат алу қажеттілігінсіз тұруға рұқсат және в и з а б е р е д і .

#### 11-БАП - ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ИМПОРТЫ МЕН ЭКСПОРТЫ



ҮКІМЕТ ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыруға арналған қажетті кәсіби құрал-жабдықтардың және оның ішінде автомобильдердің импорты үшін қажетті рұқсаттар береді.

Иссапарға келген сарапшылар жобаны орындау мақсатында әкелінген автомобильдерді осы автомобильдердің келісілген жобалар үшін жеткізілгендері және Қоғамдастықтың немесе Қоғамдастықпен тиісті үлгіде келісілген келісім-шартты орындау үшін Қоғамдастықпен тиісті үлгіде келісім-шарт жасасқан ұйымның қарауында тұратындығы көрсетілетін тізімге тіркейді.

Сонымен қатар ҮКІМЕТ жеткізілімдер және қызмет көрсетулер бойынша келісім-шарттарды орындайтын жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жоғарыда аталған құрал-жабдықтар мен автомобильдерді қайтадан экспорттауға қажетті рұқсаттар береді.

## 12-БАП - ВАЛЮТА ИМПОРТЫНА ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАУҒА БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыру үшін ҮКІМЕТ шетел валютасының импортына және сатып алуға рұқсаттар берілуін және Қоғамдастық мүшелерінің арасында айырмашылықтарды белгілеместен валюта айырбастауға бақылау жасаудың қағидаларын қолдануды мойнына алады.

ҮКІМЕТ іссапардағы сарапшыларға және олардың отбасыларына техникалық көмек көрсету жөніндегі келісім-шарттың мерзімі ішінде Қазақстан Республикасына шетелдік валюта әкелуге және онда сақтауға қажетті рұқсаттар береді.

Сонымен қатар іссапардағы сарапшылар және олардың отбасылары өздерінің қарауларына орай пайдаланылмаған шетелдік валютаны әкету құқығын алады.

## 13-БАП - САЛЫҚ САЛУ ЖӘНЕ КЕДЕН

1. Салықтар және баж салығы ЕҚ субсидиясынан қаржыландырылмайды.

2. ЕҚ субсидиясынан қаржыландырылатын немесе бірлесіп қаржыландырылатын келісім-шарттарды орындау шегінде Қазақстан Республикасына әкелінген құрал-жабдықтар мен автомобильдерді қоса алғанда тауарлардан импорттық алымдар, салықтар немесе осындай сипаттағы, ҮКІМЕТ немесе оның қандай да болмасын органы бекіткен фискальдық алымдар алынбайды.

- КОМИССИЯНЫҢ талап етуі бойынша ҮКІМЕТ әңгіме қозғалып отырған импортталған тауарлардың жоғарыда аталған салықтарды, баж салықтарын және алымдарды реттеу туралы қандай да болмасын дауларға қарамастан келісім-шарттың қалыпты орындалуы үшін өткізу пунктінен алушыға дейін өз мерзімінде өткізілуіне

к е п і л д і к

б е р е д і .

- ЕҚ субсидиясынан қаржыландырылатын жеткізілімдер бойынша келісім-шартқа Қазақстан Республикасынан шығарылған өнім енген жағдайда, келісім-шарт осындай жеткізілім түріне Қазақстан Республикасында қолданылатын ішкі салықтар немесе фискальдық алымдар енгізілмеген бағаның негізінде жасалады және осындай салықтар мен алымдардың тізімін бөлек беру керек.

3. ЕҚ субсидиясынан қаржыландырылған келісім-шарттар Қазақстан Республикасына құжатты немесе тіркеу салымдарын немесе осындай алымдардың бар болуына немесе олардың енгізілуіне қарамастан бірдей әрекеті бар фискальдық алымдарды штампылау талап ету ықпалында болмайды.

4. ЕҚ субсидиясынан қаржыландырылатын техникалық ынтымақтастық келісім-шарттары бойынша жұмыс істейтін экспатрианттарды қоса алғанда жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасындағы ҮКІМЕТ немесе оның қандай да болмасын органы алатын мынадай төлемдерден босатылады:

- әлеуметтік сақтандыру шегерілімдерінен;

- кәсіпкерлік қызметке салынатын салықтан және табыс салығынан немесе Қоғамдастықтан немесе Қоғамдастық келісім-шарт жасасқан ұйымнан алынған осындай сипаттағы табыстан алынатын алымдардан.

5. Осы жерде жұмыс істейтіндерден басқа техникалық ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарттарда айқындалған міндеттерді орындау мақсатында жұмыс істейтін жеке тұлғалардың (және олардың отбасы мүшелері) жеке пайдаланулары үшін импортталған жеке және тағам сияқты жеке пайдаланатын заттар әкелу алымдарынан, салықтардан және Қазақстан Республикасында ҮКІМЕТ немесе оған бағынысты қандай да болмасын орган алатын, балама күші бар фискальдық алымдардан босатылады.

Айтылған жеке және үйде пайдаланылатын заттар келісім-шарт аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген қағидаларға сәйкес не қайтадан экспортталуы не Қазақстан Республикасына сыйға тартылуы мүмкін.

Қолданылып жүрген қағидалар мен нұсқаулықтардың сақталысына бағына отырып, осы көлік құралының тек қана тиісті келісім-шарт кезеңі ішінде пайдаланылу және осы кезеңнің аяқталуы бойынша қайтадан экспорттау шартымен бір отбасына бір моторлы жылжымалы құралды баж салығын салмастан Қазақстан Республикасына импорттауға рұқсат етілді. Сарапшылар және олардың отбасыларының мүшелері олардың өздерінде бар жүргізуші куәліктерін көрсете отырып жергілікті жүргізуші куәліктерін ала алады.

6. 11-бапта көрсетілгендей, кәсіби құрал-жабдықтарды импорттайтын жеке және заңды тұлғалар олардың өтініштері бойынша аталған құрал-жабдықтарға қатысты Қазақстан Республикасының заңымен айқындалғандай уақытша әкелу жөніндегі артықшылықтарды алады. Әкелу және әкету кезінде осы барлық құрал-жабдықтарға баж салығы, салықтар салынбайды немесе ҮКІМЕТ немесе оған бағынысты қандай да болмасын орган алатын, осыларға ұқсас алымдар алынбайды.

#### IV ТАРАУ - ТӨЛЕМДЕРДІҢ РӘСІМІ

##### 14-БАП - ТӨЛЕМДЕРДІҢ РӘСІМІ

1. ЕҚ қаржыландыратын немесе бірлесіп қаржыландырылатын келісім-шарттар бойынша мердігерге өтінім, әдетте, ЭКЮ бойынша жасалады және төленеді. Ерекше негіздер болған кезде басқа валютаны пайдалануға Комиссия жекелеген жағдайларда р ұ қ с а т е т е д і .

2. Мердігерге өтінім ЭКЮ-мен жасалғаннан кейін тиісті төлемдер келісім-шартта көрсетілген валютамен, төлем алдындағы күнгі бағам бойынша ЭКЮ құнына балама негізде жүргізіледі.

#### V ТАРАУ - КЕЛІСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

##### 15-БАП - АҚПАРАТ ЖӘНЕ КӨМЕК

1. КОМИССИЯ сарапшылардың жеке басы және олардың қарамағындағылар туралы, егер ондай бар болса, жұмыс істейтін келісілген жоба туралы, олардың келген күні, Қазақстан Республикасындағы орналасқан жері және олардың жұмыс істеу мерзімдері туралы шұғыл түрде ҮКІМЕТТІ хабардар етеді.

2. ҮКІМЕТ келісілген жобаларды жүзеге асыруды жеңілдету және осы Жалпы қағидаларды орындау үшін қажет етілетін кез келген әкімшілік көмек көрсетеді.

##### 16-БАП - БАҚЫЛАУ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРІС ЖҮРГІЗУ

1. КОМИССИЯ Еуропалық қоғамдастардың Бақылау комиссиясымен бірге олар ШАРАЛАРДЫ жүзеге асыруға қажетті деп санайтын техникалық немесе қаржылық сияқты рәсімдер немесе тексерістер жүргізу үшін өздерінің сенімді тұлғаларын немесе тиісті түрде уәкілдік берілген өкілдерін жіберуге құқылы. Дегенмен, КОМИССИЯ және Бақылау комиссиясы осындай рәсімдер туралы алдын-ала ескертеді және Қазақстан Республикасынан осындай тексерістерге қатысуды сұрай алады.

ҮКІМЕТ іске қатысты барлық ақпаратты және одан талап етілетін, оның қарауындағы құжаттарды ұсынады және тексеріс немесе бақылау жасауды жүргізуге нұсқау алған тұлғалардың жұмысын жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қ о л д а н а д ы .

2. Қаржыландыру туралы меморандум КОМИССИЯ-ның мақұлдауымен шараларды жүзеге асыру үшін алушыға немесе оның атынан әрекет жасайтын заңды тұлғаға

қаражат берген кезде ҮКІМЕТ мыналарды қамтамасыз ету керек:

(а) Қаржыландыру туралы меморандум бойынша қаржыландырылған

жеткізілімдер мен қызмет көрсетулердің нақтылығын белгілеу үшін жеткілікті түрдегі есеп жүргізу-тіркеу құжаттамалары және есеп берулер тиісті бухгалтерлік рәсімдерге сәйкес сақталады;

(б) КОМИССИЯ-ның жоғарыда аталған сенімді тұлғаларының немесе өкілдерінің және Бақылау комиссиясының Қаржыландыру туралы меморандум бойынша қаржыландырылған тармақтарға қатысты барлық құжаттамаларды және есеп берулерді тексеруге құқығы бар.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.